

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

**БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

ЕСЕПТЕР ЖИНАҒЫ

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ
НЕГІЗДЕРІ**

**ҚАРАҒАНДЫ
2023**

Есептер жинағы. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау негіздері. // Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2023. — 56 бет.

АВТОРЛЫҚ ҰЖЫМ: қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, полиция полковнигі Г.Ж.Мұхамдиева, кафедра профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, полиция полковнигі С.Қ. Алтайбаев, кафедра аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция полковнигі Ө.А.Тұрғанов, кафедра оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция капитаны У.Е.Тугелбаев.

Пікір жазғандар: «Bolashaq» академиясының құқықтық және қаржылық пәндер кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.к., профессор А.Т. Кабжанов, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының заңсыз көші-қону және адам саудасымен күрес бойынша мамандарды дайындау орталаығының бастығы, з.ғ.к., доцент Кенбаев Ж.А.

Бұл есептер жинағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау негіздерінің мәселелерін қамтиды. Жинақты ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының ұжымы дайындады. Жинаққа енген мысалдар сот-тергеу тәжірибесінен арнайы өңделіп алынды. Есептердің шарттарындағы жағдаяттар мен адам аттарының нақты оқиғалар мен тұлғаларға қандай да бір сәйкес келуі кездейсоқ болып табылады.

Бұл жинақ Қазақстан Республикасындағы заң оқу орындарының курсанттарына, студенттеріне және оқытушыларына, сондай-ақ тәжірибе қызметкерлеріне арналады.

ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен басылды.

Академияның Оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып бекітілді.
21 қыркүйек 2023 жыл, № 1 хаттама.

© ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2023

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының жоғары заң оқу орындарында қылмыстық құқықты оқытуда тәжірибе сабақтарына аса маңызды көңіл бөлінеді. Тәжірибе сабақтарының негізгі мақсаты — курсанттарға сот-тергеу тәжірибесінің нақты жағдайларында қылмыстық заңды дұрыс қолдануды үйрету. Тәжірибелік сабақтар қазіргі таңдағы қылмыстық заңнаманың, қылмыстық құқық теориясының терең игерілуіне, курсанттардың пәнді оқу әдістемесін және нақты бір тәжірибелік есептерді шешуде дербес жұмыстар жасауды меңгеруіне ықпал етеді. Жинақты дайындау барысында авторлық ұжым Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі баптарының қағидалары мен Қазақстан Республикасы Жоғары Сот түсіндірмелері басшылыққа алынды.

Ұсынылып отырған есептер сот-тергеу тәжірибесінің тиісті түрде өңделген мысалдарын немесе оқыту мақсатында ойдан құрастырылған қылмыстық іс оқиғаларын құрайды. Есептерде көрсетілген жағдайлар анықталған деп саналады, сонымен қатар есепті шешуге қажетті шарттардың бәрі берілген деп есептеледі. Дегенмен де, жекелеген есептерде оқиғалардың баяндалуына өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі, әрі сол арқылы есептің жаңа, өзгертілген нұсқалары жасалуы мүмкін. Есеп шарттарын өзгерту жөнінде тәжірибелік сабақ тапсырмасында көрсетілуі міндетті болып табылады. Есептерді шешу барысында олардың негізделуіне және дәйектелуіне ерекше назар аудару қажет. Есеп шешімінде заңдарға, Қазақстан Республикасы Жоғары Соты түсіндірмелеріне, қылмыстық құқықтың теориялық қағидаларына сүйенген дұрыс және тапсырмада көрсетілген сұрақтарға ғана емес, сондай-ақ есептен туындайтын өзге де сұрақтарды қамтыған жөн. Авторлық ұжыммен ұсынылып отырған есептер жинағының «Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау негіздері» атты пәні курсанттарға оқуда қажетті көмек көрсететініне үміт артады. Есептер жинағының мазмұны мен құралымына қатысты ескертулер мен ұсыныстарыңыз болса Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы қылмыстық құқық және криминология кафедрасына жіберулеріңізді сұраймыз.

Тел: 8(7212) 30 33 68

Ғах: 8(7212) 30 33 68

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУДЫҢ ҰҒЫМЫ МЕН МАҢЫЗЫ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫ – ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУДЫҢ ЗАҢДЫҚ МОДЕЛІ

№1 - ЕСЕП.

Азаматша Витрук 42 жасында жер үйінің шатырынан басымен құлаған. Құлаудың себебінен соқыр болып қалады. Он жеті жыл өткен соң, түнде оның үйіне ауыр дәрежеде мас болған 20 жасар Тахиров кіріп, азаматша Витрукты зорлайды. Әйел адам моральды ауыр соққы алады, бірақ есін жиғаннан соң прокуратураға шақырылады, онда болған оқиғадан кейін көздерінің қайта көруіне байланысты аз. Тахировты қылмыстық жауапкершіліктен босатуды сұрап арыздан бас тартады.

Азамат Тахировты қылмыстық жауапкершіліктен босатуға негіз бар ма?

№2 - ЕСЕП.

Бухаев, Гулевой және Подколезнов Теміртау қаласының заводтарының бірінде қамтамасыз ету бөлімінің қызметкерлері ретінде Орал қаласына іс сапарға аттанады. Олар өздерінің қызметтік міндеттерін «белсенді демалыспен» ұштастырған. Нәтижесінде олардың қайтар жолға билет алуға ақшалары тез бітіп қалады.

Сол кезде олар әйелдерінің біреуіне, «күйеуі кенеттен қайтыс болды және оның денесін елге алып қайту үшін қаражат қажет» деген телеграмма жолдауды шешеді. Мұндай телеграмманы жеребе бойынша Подколезновтің әйеліне жолдайды. Біраз уақыт өткен соң билетке және ішімдікке жететін ақша түседі. Ертеңіне такси келгенде Бухаев пен Гулевой, Подколезновтың қайтыс болғанын біледі (өлім жүрек ауруына байланысты болған). Бухаев телеграмманың мазмұнындағы аңызға байланысты Подколезновтың денесін поездға алуға, Гулевойға ұсынады. Оған келіскен Гулевой, Подколезновтың шляпа кигізіп, таксиге сүйрейді, жүргізушіге достарының қатты мас екенін айта салады. Осындай жолмен, өлген денені поезд вагонына енгізіп, жоғарғы сөресіне жатқызады. Сонымен қатар осы купеде келе жатқан Субботинге достарының қатты мас екенін түсіндіреді. Жолда жүріп бара жатып Бухаев пен Гулевой тамбурға темекі шегуге және Подколезновтың жұбайына қалай айту керек екендерін ақылдасуға шығады.

Жолдастарының жоқ болған кезінде, поездің селкілдегенінен Подколезныйдің денесі кенеттен төменге құлайды. Мұны көрген Субботин құлап қалған жолаушыны есін жидыруға тырысады, бірақ ол оның өлгенін біледі және оны өлімге кінәсі бар екен деген айыптаудан қорқып, Подколезныйдің денесін купенің ашық терезесінен итеріп жібереді. Сол уақытта купеге қайтып келген Бухаев пен Гулевой Подколезныйдің денесін таппаған соң одан сұрайды, оларға «достарың темекі шегуге шықты» деп Субботин жауап береді. Подколезныйдің денесі екі тәуліктен кейін табылды.

- *Бухаев пен Гулевой жауапкершілікке тартылады ма?*
- *Подколезныйдің өліміне олардың кінәләрі бар ма?*
- *Субботиннің әрекетіне заңдық баға беріңіздер.*

№3 - ЕСЕП.

Позер өзінің үйіне Простакованы шақырады. Кішкене шарап ішкеннен кейін, Позер оны зорламақ болды. Бірақ одан қашып балконға шығып, басқа балконға өтпек болып жатып тоғызыншы қабаттан құлап, өледі.

Позер қылмыстық жауапкершілікке тартылады ма?

№4 - ЕСЕП.

15 жасар Зиновьев пен 14 жасар Смагулов, Ивановтың бақшасына кіріп, шашылып жатқан алмаларды жеген, мұны көрген Иванов екеуін ұстап алып полиция бөліміне әкеліп арыз жазған.

Зиновьевпен Смагуловтың жасаған іс-әрекеттерінде қылмыстың құрамы бар ма?

Талқылауға басқада нұсқалар келтіріңіздер.

№5 - ЕСЕП.

15 жасар Зиновьев пен 14 жасар Смагулов, Ивановтың бақшасына кіріп, шашылып жатқан алмаларды жеген, мұны көрген Иванов екеуін ұстап алып сокқыға жығып полиция бөліміне әкеліп арыз жазған. Сокқының салдарынан Зиновьев пен Смагуловтың денсаулығына орта дәрежеде зиян келген.

Оқиғаға қатысы бар кейіпкерлердің іс - әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз, олардың әрекеттерінде қылмыс құрамы бар ма?

Талқылауға басқада нұсқалар келтіріңіздер.

№6 - ЕСЕП.

Сенбі күні азаматша Иванова масаң күйде түнгі клубтың шығып гардеробтан құндыз ішігін алып үйіне қайтқан. Дүйсенбі күні мастығынан айыққан аз. Иванова бөтен біреудің ішігін алып кеткенін біліп, өзінің ішігін алуға және басқа ішікті қайтаруға клубқа келеді. Сол жерде ол гардеробшыдан өзі алып кеткен құндыз ішіктің иесі полицияға арыз жазғанын естиді.

*Иванованың іс-әрекеттерінде қылмыстың құрамы бар ма?
Талқылауға басқада нұсқалар келтіріңіздер.*

№7 - ЕСЕП.

Қыстың күні түнде қонақтан шыққан ерлі зайыпты Петровтар екі айлық баласын қолдарына көтеріп үйлеріне қайтады. Жолда Петровтың аяғы тайып кетіп баласымен бірге құлайды. Соның салдарынан балаға орта дәрежеде зиян келеді.

*Петровтың іс-әрекеттерінде қылмыстың құрамы бар ма?
Талқылауға басқада нұсқалар келтіріңіздер.*

№8 - ЕСЕП.

Бірнеше күн басы ауырып құса берген азамат Мамаев аудан орталығынан алыста тұратын болған соң ауыл ішіндегі халық емшісі Маматовтан ем алуға барады. Бірақ Маматов оған емханаға баруына кеңес береді, бірақ Мамаев аудан емханасынан алыста тұратынын айтып, ем салуын қоймай сұрайды. Маматов бұрыннан емшілікпен айналысып жүргеніне және ешкімге кесірі тимегеніне сеніп оны емдеуге кірісіп, Мамаевқа шөптерден дәрі жасап береді. Кейіннен шөп дәрілерді ішкеннің салдарынан Мамаевтың асқазанына жара пайда болған. Медициналық тексерістен өту кезінде асқазандағы жараның онкологиялық ауруға айналғанын дәрігерлерден естиді.

*Оқиғаға қатысы бар кейіпкерлердің іс - әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз, олардың әрекеттерінде қылмыс құрамы бар ма?
Талқылауға басқада нұсқалар келтіріңіздер.*

№9 - ЕСЕП.

Пенкин Омаровтың отбасын жеккөретін. Омаровтар болмаған уақытта Пенкин олардың үйлерін әдейі жағып жібереді. Жолай өтіп бара жатқан өрт сөндіруші Қатаев үйдің өртеніп жатқанын көріп, оны сөндіре бастайды. Қатаевқа кедергі келтіру үшін Пенкин оған қарай мылтық ата

бастады, соның нәтижесінде оқ Қатаевтың басына тиеді. Қатаев сол жерде мерт болады. Пенкиннің іс-әрекеттерін саралаңыз. Пенкиннің іс-әрекетінде қамтылған құқық бұзушылықтың белгілерін көрсете отыра, өз жауабыңызды қуаттаныз. Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№10 - ЕСЕП.

Малтабаров қонақта отырып, ішімдікті жеткілікті мол көлемде пайдаланғаннан кейін, шылым шегу үшін далаға шығады. Алаңда ол алты жасар қызды байқап қалып, оны зорлауға бел байлайды. Алдау жолымен Малтабаров қыз баланы алыс емес жердегі баққа еліктіріп алып барады. Баланы зорлағаннан кейін, таспен басынан бірнеше рет ұрып жібереді. Сонан соң кішігірім ор қазып, денені сонда лақтырып тастайды, оның үстіне біраз топырақ, кепкен жапырақтар мен шыбықтарды сеуіп, оқиға болған жерден қашып кетеді. Біраз уақыттан кейін бала есін жиып, қазылған ордан шығып, жол бойына жетеді. Жолда автокөлік жүргізушісі қыз баланы өзінің көлігіне салып, ауруханаға жеткізеді.

Малтабаровтың іс-әрекеттерін саралаңыз және оның іс-әрекеттеріндегі қамтылған құқық бұзушылық белгілерін көрсету жолымен өз жауабыңызды қуаттаңыз.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАУДАН ӨЗ
ЕРКІМЕН БАС ТАРТУҒА ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАҒА
БЕРУ СҰРАҚТАРЫ, ҚЫЛМЫСҚА ДАЙЫНДАЛУ ЖӘНЕ
ҚЫЛМЫСҚА ОҚТАЛУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨПТІЛІГІН САРАЛАУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

№1 - ЕСЕП.

Жақыпбаев Алматы қаласының дүкенінен ұрлық жасаймын деп шешеді. Бұл іске ол бұрын Қырғызстан Республикасы Ош қаласында тұратын өзімен бірге бостандығынан айыру мекемесінде болған танысы Басовты шақырады. Басов ұрлыққа қатысудан бас тартқан. Бірақ қылмыстық құқық бұзушылықтық жолмен табылған заттарды жасыруға уәде береді. Ол Жақыпбаев алып келген заттарды өз сарайына жасырып қалады.

Сыбайластарға қандай заң қолданылуы тиіс?

№2 - ЕСЕП.

Бір топ жеткіншек жатақханада спирт ішімдігін ішіп алып, көңіл көтеруді жалғастыру мақсатында, сол қабатта тұратын Мойзерден бір шөлмек арақ сыйлауын, арақ құюын талап етті. Үйде арақ жоқ деп Мойзер бас тартты. Сол үшін жеткіншектер оны зорламақ болды. Бөлменің есігін жауып, олар кезекпен өз ойларын жүзеге асырды. Соңғысына кезек келгенде ол бас тартты. Оның сыбайластары көзінді құртамыз деп қорқытып, оны зорлау жасауға мәжбүр етті, содан кейін бәрі жиналып, кетіп қалды.

Соңғы қылмыстық құқық бұзушылықкер қылмыстық құқық бұзушылықты әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылықтылығын жоятын жағдайында әрекет жасады ма?

Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.

№3 - ЕСЕП.

27.03.2022 ж. Ешенов жолдасы Молоховпен әңгіме барысында «Люкс» ЖШС-нің қоймасына аудио, видео аппаратуралары түскенін және қойманы тек бір ғана күзетші күзететінін білді. Ол қойманы тонау үшін жоспар құрды. 30.03.2022 ж. таңғы сағат 05.00-те күзетшіні айналып өтіп, ұрлық жасау ниетімен қоймаға кірді. Қойма бос болғандықтан ол қоймадан шығып кетеді.

Ешеновтың әрекеті қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке жата ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№4 - ЕСЕП.

Николаев Кореневтен кәсіпкер Шиловты өлтіруі үшін 3000 АҚШ долларын алған. Николаев кәсіпкерді оның үйінің жанында тосып алып, оған жүрегінің тұсынан 3 рет пышақпен соққы жасайды. Қансырап жатқан Шиловты көршілері жедел дәрігер шақыртып, ол екі апта жан сақтау бөлімінде жатып шығып, аман қалады.

Осы жағдайда аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№5 - ЕСЕП.

Панкратов пен Миронов инкассатор көлігіне қарулы шабуыл жасап ақша иемденуге ниеттенеді. Сол үшін АК-47 автоматы мен екі Ф-1 гранаталарын заңсыз сатып алып, тонауға жоспар құрады. Жоспар бойынша олар алдын-ала белгіленген орында шабуыл жасауға дайындалады. Бірақ инкассатор көлігінің маршрутының өзгеруіне байланысты олардың ойы жүзеге аспады.

Панкратов пен Мироновтың жауапкершілігі туралы сұрақтарды шешіңіз.

Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№6 - ЕСЕП.

Мәуленов Пироговты өлтіру мақсатымен Довыдиннан аңшы мылтығын оқтарымен бірге сатып алады. Пироговты күтіп тұрып көздеп атуға оқталғанда жарамсызданған оқ-дәрілер атылмай қалады.

Мәуленов қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартыла ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№7 - ЕСЕП.

Бұрын сотталған Мафиозов мас күйінде азамат Османовтың «Ауди 100» автокөлігінің терезесін сындырып «JVC» атты автомагнитоласын жұлып алуға тырысқан. Оны көріп қалған Османов автокөлігіне жүгіріп келіп Мафиозовты ұстап қалуға тырысады. Алысу кезінде Мафиозов

пышақ алып шығып, Османовты екі рет жарақаттады. Соның салдарынан соңғының денсаулығына ауыр зардап келтірілді.

Пышақ суық қару болып танылады ма?

Қылмыс көптілігінің түрлерін анықтаңыз?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№8 - ЕСЕП.

Бұрын алаяқтық үшін сотталған Канин, бұрын қорқытып алушылық пен тонаумен сотталған Бериковпен алдын ала сөз байласып, жазасын өтегеннен кейін Касилевке қарсы қарақшылық жасады. Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы сотының үкімімен екеуінің әрекеті қауіпті қайталану деп танылып, оларды ҚР ҚК 192-бабының 2-тармағы бойынша әр біреуін төтенше қауіпсіз мекемеде жазасын өтеуге жіберді.

Канин мен Бериковтың әрекетіндегі аса ауыр қылмыс жасады деуге бола ма?

Қайталануды қылмыс көптілігінің бір түрі ретінде сипаттама беріңіз.

Сотпен тұлғаның қауіпті қайталануы деп танудың негізгі тәртібін ҚР ҚК 14-бабына сәйкес жағдайды салыстырыңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№9 - ЕСЕП.

Бұрын Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданының сотымен ҚР ҚК 234-бабының 1-бөлігі бойынша ҚР ҚК 63-бабы қолданылып сотталған Зуев сынақ мерзімін өту кезінде экономикалық қылмыстық құқық бұзушылық жасаған. Оны ұстау кезінде, ол экономикалық тергеу департаментінің қызметкерлеріне қарсылық көрсетіп әдепсіз сөздер айтады. Сот Зуевтің әрекетін ҚР ҚК 234-бабының 2-бөлігі және ҚР ҚК 378-бабының 1-бөлігі бойынша саралаған.

Қылмыс көптілігінің түрін анықтаңыз?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№10 - ЕСЕП.

Гасанов өз бақшасында көкнәр есірткі затын өсіріп, кейін оны жинап кәмелетке толмаған Корнев пен Филатовқа берген.

Гасановтың әрекетінде қылмыстың көптілігі бар ма?

Қылмыс көптілігінің түрін анықтаңыз?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№11 - ЕСЕП.

Огонесян мен Лиморенко сегіз ай бойы өзін «ОРТ» телеарнасының «Күт мені» бағдарламасының қызметкері деп таныстырып, жоғалған адамдардың тумаларынан, таныстарынан алдап ақша жинаған. Қылмыс жасаған уақыт аралығында олар екі жүз мыңнан астам ақша жинағаны белгілі болған.

Огонесян мен Лиморенконың әрекеттері қандай біріккен ауыр қылмыс түріне жатады?

Созылмалы қылмыс дегеніміз не? Оның қылмыс көптілігімен қандай айырмашылығы бар?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№12 - ЕСЕП.

Кәмелетке толмаған 17 жасар Семенов үлкен көлемде есірткі заттарды тасымалдағаны үшін сотталған. Бас бостандығын өтеу мекемесінде өз жазасын өтеп жүріп сотталған Кулешовке денсаулығына ауыр зардап келтіреді. Осы қылмыстар үшін жазасын өтегеннен кейін Семенов үлкен көлемде жалған ақша жасыру қылмысын жасайды.

Семенов жасаған қылмыстардың көптілігінің түрлерін анықтаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№13 - ЕСЕП.

Шербанов Косумовтың денсаулығына ауыр зардап келтіремін деген оймен оған тас лақтырады. Бірақ лақтырған тас Косумовқа емес, Ақсубаевқа тиіп, оның денсаулығына ауыр зардап келтірді. Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының сотымен Шербаковтың әрекеті ҚР ҚК 24-бабының 3-бөлігіне сілтеме жасай отырып ҚР ҚК 106-бабының 1-бөлігімен Косумовтың денсаулығына ауыр зардап келтіруге оқталу, және ҚР ҚК 114-бабының 1- бөлігімен Ақсубаевтың денсаулығына абайсызда зиян келтірумен сотталады.

Бұл есепте қылмыс көптілігінің қандай түрі көрсетілген?

Реалды және идеалды қылмыстың түрін қалай түсіну керек?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрыңыз.

№14 - ЕСЕП.

2023 жылы 20 ақпанда Есентаев өзінің үйінің ауласында бұзақылық ниетпен Өскембаевты аңшы қаруынан атады, соның салдарынан Өскембаев қайтыс болады. Келесі күні Есентаевты ұстау кезінде ол

полиция қызметкерлеріне қарсылық көрсетіп, полиция сержанты Сартаевтың денсаулығына ауыр зардап келтіреді.

Қылмыс көптілігінің түрін анықтаңыз?

Қылмыс көптілігінің бірікелкі қылмыстан айырмашылығы неде? Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

АДАМДАР ТОБЫ, АЛДЫН АЛА СӨЗ БАЙЛАСҚАН АДАМДАР ТОБЫ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОППЕН ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ

№1 - ЕСЕП.

Бөлмесін жөндеуіне байланысты апалы-сіңлілі Валя мен Люся Ивановалар заттарының бір бөлігін ортақ асханаға шығарып қояды, олардың көршісі Тазбасов мас күйінде асханаға барып, темекісін тұтатып Ивановалардың заттарының үстіне жатып алады. Валя Тазбасовтан олардың заттарының үстінен тұруын және темекі шекпеуін сұрайды, осының нәтижесінде екеуі ұрсысып, арты төбелеске ұласады. Люся Валяға көмекке келеді. Апалы-сіңлілілер бірлесіп Тазбасовты саты алаңына шығарып, сатыдан төмен итеріп жібереді. Тазбасов құлаған уақытта басымен сатыға соғылып алған жарақатынан келесі күні ауруханада қайтыс болады. Сот-дәрігерлік сараптаманың қорытындысында көрсетілгендей Тазбасовтың өлімі басына түскен зақым, яғни миына қан кету нәтижесінде келгендігін көрсеткен.

Ивановаларды қылмысқа қатысушылар деп тануға болады ма?

Қылмысқа қатысудың объективтік және субъективтік белгілерін атаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрыңдар.

№2 - ЕСЕП.

Геологтар тобының жүргізушісі Білгішбаев және топтың жұмысшысы Жандосов тапсырылған бағыттан ауытқып кетіп жастардың кеші болып жатқан Буденовка ауылына автокөлікпен келеді. Ішіп алған олар ауыл азаматтарына тиісіп, балағаттай бастап төбелескен. Жергілікті жігіттердің қудалауына байланысты Білгішбаев пен Жандосов қашып, машинаға мініп, ауыл сыртына шығып кетеді. Жандосов Білгішбаевқа ауылға қайтып барып, қудалаған балаларды машинамен қууды ұсынады. Машинаны бұрып, Білгішбаев ауылға кіреді де үлкен жылдамдықпен тұрғындарды қуады. Қорапта отырған Жандосов бейпіл сөздермен қоса «Бас оларды, бас», – деп айқалап қолындағы күректі оңды-солды сермейді. Машинаны басқара алмай Білгішбаев талдың қасында тұрған бір топ адамды қағады. Сол жерде А. Степановтың өміріне қауіпті ауыр дене жарақатын, И. Степановтың денесіне орташа ауыр зақым және Б. Иванованың денсаулығына жеңіл зақым келтіріледі.

Қылмысқа қатысудың түрлерін анықтап, жауапкершілік сипатын беріңіздер.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрыңдар.

№3 - ЕСЕП.

Абақұловқа үш белгісіз біреулер жабылады. Олардың біреуі жерге құлатып, оны ұстап тұрады, екіншісі ешкім келе жатқан жоқ па, деп қарауылдап тұрады, ал үшіншісі Абақұловтың қалтасынан темекі салғышы мен сағатын алады.

Қатысушылардың әрекеттеріндегі объективті байланыстарын көрсетіңіздер.

Талқылауға басқада варианттар құрастырыңыз.

№4 - ЕСЕП.

Танкова «Күлше» дүкенінің меңгерушісі болып жұмыс істеп жүргенде 6 ай бойы үнемі экспедитор-жүргізуші Бобров және Сурковтың ұрлаған кондитерлік және нан өнімдерін, қант, ашытқы, ұн алып отырған және дүкен арқылы оларды сатқан.

Танкованы Бобров пен Сурковтың жасаған ұрлықтарында қатысушысы деп тануға болады ма?

Осы қылмыстағы әрқайсысының рөлдерін анықтаңыздар.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№5 - ЕСЕП.

Тарихов өзінің танысы Дембаевтан ұсақ калибрлі винтовка сатып алып, одан шолақ мылтық (обрез) жасайды және өзінен басқа үш адамнан (Қоянбаев, Мысықбаев және Итбаев) тұратын топ құрады. Бірнеше ай бойы көрші облыстардың аудандарының дүкендеріне және азаматтарға шабуыл және тонау жасап жүрген. Шабуыл және тонау үшін мылтықтан басқа Көлікбаевтың автокөлігін қолданған. Топтың басқа қатысушылары Костиннің және Васинаның үйінде баспана тапқан, олар ұрланған заттарды тығуға көмектескен. Дембаев винтовканы сатқанда құрылып жатқан бандалық топ туралы білген.

Қатысушылардың түрлерін және қатысу нысанын анықтаңыздар.

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

№6 - ЕСЕП.

Түнгі сағат бірдің шамасында Журавлев әйелінің айқайынан оянып кетіп үйлеріне біреудің кіріп жатқанын көреді. Журавлев оны аңдып, оның ауыл тұрғыны Евдокимов екенін біледі де, ұстап алып ұра бастайды. Айқайға көршілер Моисеенко мен Петрухин жүгіріп келеді. Журавлев болған жағдайды айтады және барлығы бірге Евдокимовты полицияға апармақшы болғанда, Евдокимов қашпақ болады. Сонда Моисеенко және Петрухин Евдокимовтың қолынан ұстайды, ал Журавлев оны қылқындыра бастайды. Полиция қызметкерлері оқиға болған жерге келген кезде, олар Евдокимовтың жерде жатқанын көреді, оны тірі деп ойлап машинамен полиция бөліміне апарды. Ондағы болған дәрігер Евдокимовты қарап оның өлгенін анықтайды. Мәйітке сот-дәрігерлік куәландыру жүргізу барысында Евдокимовтың өлімі қылқындыру нәтижесінде келгені анықталды.

Журавлевтың жасаған қылмысында Моисеенко және Петрухин қатысушы болып танылулары мүмкін ба?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№7 - ЕСЕП.

Ведомстводан тыс элеватор күзетінің жұмысшылары Кузьменко мен Измайлов ауысымға түсер алдында элеватор жанында тұратын Филевскаямен бірнеше қап бидай әкеліп, оларды шатырға тығу керектігі туралы келіседі. Полиция қызметкерлері тапқан жағдайда Филевская бидайды станцияда Ақмола облысынан келген маусымдық жұмысшылардан жүкке (багажға) алмаған бидайынан сатып алдым деп айтуы керек деген. Филевская келіседі. Кузьменко мен Измайлов қарауыл бастығының семинарға кеткенін пайдаланып, элеватор қоймасына он қап бидай ұрлап Филевскаяға әкеліп береді.

Қатысу нысанын анықтаңдар, Филевская қатысушы болып табыла ма?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№8 - ЕСЕП.

Қайықтағы сатушылар Сафронова және Кулешова жыл бойы дүкен директорының бұйрығы бойынша сатуға алынған балықтың бір бөлігін директорға үнемі беріп отырған, ал ол оны өзіне алып отырған. Директордың бұл былығы Сафронова және Кулешоваға белгілі болған, бірақ олар жалақысы жақсы жұмысымыздан айырыламыз деп қорқып,

оның бұйрығына бағынып отырған. Сатушылар кем өлшеу арқылы сатып алушыларды алдап балықтың жетіспеушілігін жауып отырған.

*Қылмысқа қатысушылардың әрқайсысының рөлін анықтаңыздар.
Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.*

№9 - ЕСЕП.

Смирнов ұрылар — Коротко, Рылов және Гришинмен қылмыстық байланысқа түсіп, үнемі олардан ұрланған заттарын сатып алып, сонан соң оны базарда көтерме бағамен сатқан.

Қылмысқа қатысу бар ма?

Бұл жағдайда Смирнов жауапкершілікке тартылатындай қатысу бар ма?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№10 - ЕСЕП.

Алексеев және Зариров Панковқа қарақшылық шабуыл жасау үшін қару тауып беру өтінішімен келеді. Панков өзінің таныстарынан екі әскери оқ пен мылтық (обрез) және тапанша алады және оларды Алексеев пен Зарировқа береді. Олар қылмысты жасағаннан кейін оған ақша береміз деп уәде береді. Келесі күні Алексеев және Зариров «Аяжан» дүкенінің жұмысшыларына шабуыл жасап табыстарынан 50000 теңге алып кетеді.

Панков, Алексеев және Зариров жасаған қарақшылық шабуылдың қатысушысы деуге болады ма?

Қылмысқа қатысудың объективтік және субъективтік белгілерін атаңыздар.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№11 - ЕСЕП.

Әскери қызметке шақыру алған Есененко өзінің нағашысы Егоровтың кеңесі бойынша медициналық комиссия өтіп жүрген кезде сылтауратып саңырау болады, бірақ ол әшкереленеді.

Қатысушылардың түрлерін анықтаңыздар, Егоров қылмысқа қатысушы болып табылады ма?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№12 - ЕСЕП.

Бірнеше рет сотталған Ушаков Шопавалов пен Мироновты қылмыстық әрекет жасауға тартады. Алдын ала дайындалған жоспар бойынша Шаповалов және Миронов тирге кіреді де, тир меңгерушісіне қарсы шабуыл жасайды, оны пышақ және сүйменмен ұрып өлтіріп, тирден үш спорттық тапанша және 150 оқ алып кетеді. Атыс қаруын иеленген Ушаков, Шаповалов және Миронов түнгі уақытта (ауысымнан) үйіне қайтып келе жатқан Блиновқа қарақшылық шабуыл жасап одан 3000 теңге алады. Сол қарудың көмегімен Ушаков Шаповалов және Миронов товар және ақшаны ұрлау мақсатында «сауда орталығының» қарауылына шабуыл жасап, оны өлтіріп, дүкенге кірген мезгілде полиция қызметкерлері ұстайды.

Қатысудың нысанын анықтаңыздар.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№ 13 - ЕСЕП.

Автокөлік кәсіпорнының жүргізушісі Кузьмин, қант зауытында қант алып жатқан кезде автокөлікке 7 қап артық қант салады және зауыт аумағынан шығу амалын жасайды. Зауыт қарауылы Сулейменов оны байқап қалғандықтан ұсталмас үшін Кузьмин Сулейменовке үш қап қант береді, ол автокөлікті шығарып жібереді.

Сулейменов Кузьмин істеген ұрлықтың қатысушысы болады ма?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

ӨМІР МЕН ДЕНСАУЛЫҚҚА ҚАРСЫ, СОНЫМЕН ҚАТАР ОТБАСЫЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ

№1 - ЕСЕП.

Жұманбаев белгісіз жағдайларда қаза тапты. Ресми деректер бойынша Жұманбаев өмірін өзін-өзі өлтірумен қиды. Алайда кейбір фактілер бұл жағдайға Смирновтың қатысы бар екендігіне сілтейді. Смирновқа қатысты қылмыстық іс қозғалды, алайда дәлелдемелердің жеткіліксіздігінен қылмыстық іс қысқартылды. Жұманбаевтың ұлы Смирновты кінәлі санап, соттың әлсіздігіне көнбей, Смирновтың үйіне келіп, оны аңшы мылтығынан атады, Смирнов қаза тапты.

Жұманбаевтың ұлының іс-әрекеті қандай қылмыстың құрамын құрайды?

Жұманбаевтың ұлының іс-әрекетінде қамтылған қылмыс құрамының белгілерін көрсете отырып, өз жауабыңызды қуаттаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№2 - ЕСЕП.

Үйіне кеш қайтып келе жатқан Федорова ішінде екі жігіт отырған автокөлікті тоқтатып, үйіне апарып тастауды сұрайды. Көлік жүріп бара жатқан уақытта Федорова жігіттердің спирт ішімдіктерін тұтынғанын сезеді. Автокөлік Федорова көрсеткен үйге жақындағанда, ол жігіттерден кешірім сұрап, ақшасының жетпейтіндігін айтып, үйіне ақшасына барып келуіне рұқсат сұрайды. Жігіттер оның өтінішіне дөрекі жауап береді. Олардың бірі Федорованың саусағындағы неке сақинасын көріп, оны шешіп алады. Екіншісі бүктелетін пышақты алып шығып, оны Федорованың мойнына тақап, шешінуге бұйрық береді. Федорованың одан бас тартқандығына, қарсы болғанына қарамастан, жігіттердің бірі онымен жыныстық қатынасқа түседі, артынша сол іс-әрекетті оның серіктесі де жасайды. Содан кейін олар Федорованы автокөліктен шығарып тастайды. Федорова үйіне келе сала, барлық болған жағдай туралы күйеуіне айтады. Күйеуі терезеден қараса, автокөліктің омбы қарда тұрып қалғандығын байқайды. Федорованың күйеуі қолына балғаны ала сала, көшеге жүгіріп шығып, ренжіткендердің автокөлігін соға бастайды. Жігіттердің бірі автокөліктен шыға келеді. Сол кезде Федорованың күйеуі оның басынан ұрып жібереді. Екіншісі досына көмектесуге талпынып, есікті сәл ашып қояды. Федоров оның басы мен

бетінен балғамен ұрғаннан кейін автокөлікке де бірнеше рет соқы жасайды. Сәл басылғаннан кейін ол балғаны жерге лақтырып, жедел медициналық көмек шақыруға кетеді. Зорлаушылардың бірі бас сүйек-ми зақымынан қаза табады.

Федоровтың жасаған іс-әрекеті қылмыстың қай түріне жатады?

Федоровтың әрекетін саралаңыз және оның іс-әрекетін қамтитын қылмыстың құрамына талдау жасаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№3 - ЕСЕП.

Харченков Соболеваны ұнататын, бірақ Соболева оған немқұрайлы қарайтын. Соболеваның көңілін аулап, өзіне қарату үшін Харченков автокөлікпен өтіп бара жатып, оның жанына келіп Соболеваға қарай бағыттайды. Соболеваға Харченковтың ондай тәртібі ұнамағандықтан, ол учаскелік полиция инспекторына бірнеше мәрте шағымданады. Тағы да күндердің бірінде Харченков мас күйінде қалыптасқан «әдетіне» салып, автокөлікті жолай өтіп бара жатқан Соболеваға бағыттады. Алайда автокөлікті басқара алмауының салдарынан, оны соғып кетеді. Нәтижесінде Соболева ауыр дене жарақаттарын алып, бір аптадан кейін алынған жарақаттардан есін жимай ауруханада қайтыс болды.

Харченковтың іс-әрекетіндегі қылмыс құрамына талдау жасаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№4 - ЕСЕП.

Бірнеше рет сотталған Нұрымбетов дүкенді тонауға талпынғанда, полиция сержанты Манарбаев оны ұстайды, алайда ол сержантқа қарсылық көрсетіп, одан босанып шығып, зат базарына қарай қашады. Манарбаев қылмыскердің құтылып кетуіне жол бермеу мақсатында оқ ата бастайды. Манарбаевтың іс-әрекетінің нәтижесінде Нұрымбетов алынған жарақаттан ауруханада қаза табады.

Полиция сержанты Манарбаевтың қарұды пайдаланғаны заңды ма?

Егер заңсыз болса, полиция сержанты Манарбаевтың іс-әрекетін саралаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№5 - ЕСЕП.

Рыспеков пен Амантаев үйрек атуға лицензия алады. Қорыққа келіп, олар аңшылар үйінде тіркеледі. Елемесов оларды сол уақытта орманда

аңшылықта Қайыржанов пен Хабубиллиннің де болатындығы жөнінде ескерткен. Аңшылық уақытында көрші қамыстан шуды естіген Рыспеков онда үйрек бар екен деп шу шыққан жаққа қарай атып жіберіп, сол атыстан ол қамыста болған Қайыржановты өлтіріп тастады.

Рыспековтің іс-әрекетінде қылмыс құрамы бар ма?

ҚР ҚК бойынша адам өлтірудің түсінігін анықтап, адам өлтірудің түрлерін атаңыз.

Рыспековтің жауапкершілігі туралы сұрақты шешкенде Елемесовтің ескертуі қаншалықты маңызға ие?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№6 - ЕСЕП.

19 жастағы Камиланың анасы қызына масыл болып жүргендігі туралы бірнеше рет айтады. Күндердің бірінде бірге тамақ ішу уақытында ол қызын тамақты көп жейсің деп жазғырады. Камила үйге кір киіммен келген уақытында, анасы казіргі кездегі кір жуғыш ұнтақтар, киімдердің қаншалықты қымбат екендігі жөнінде есіне сала беріп, оны кір қожалақ деп балағаттайды. Анасы Камिलाға уақытында жаңа киім әпермейтін, ол әрдайым көршілерінен қалған ескі-құсқы киімдерді тоздырып жүретін. Сонымен қатар, Камиланың анасы спирт ішімдіктерін жиі қабылдап, үйіне еркектерді алып келіп, спирт ішімдіктерін тұтынған. Камила анасының жазғыруы мен мінезіне шыдамай демидролдың бір қорабын ішіп, ауруханада есіне келмей қаза табады.

Камиланың анасының іс-әрекеті қылмыс болып есептеле ме?

Жоғарыда аталған мән-жайлар Камиланың анасын ҚР ҚК 102-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз бола ала ма?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№7 - ЕСЕП.

Хирург Бозов Исағұлованың соқыршегін алуға байланысты ота жасау уақытында сату мақсатымен оның сау бүйрегін алып тастайды. 3 жыл өткеннен кейін Исағұлова жүкті болады. Гинеколог-дәрігер Мұқанов болашақ ананы жалпы тексерістен өткізбеген және туу уақытында Исағұлованың екінші бүйрегі жұмыс істемей қалып, соның нәтижесінде ол қайтыс болды.

Хирург Бозовтың іс-әрекетін саралаңыз және оның іс-әрекетін қамтитын қылмыс құрамының белгілерін атаңыз.

Гинеколог-дәрігер Мұқановтың жауапкершілігі туралы сауалды шешіңіз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№8 - ЕСЕП.

Коренев, Сауалбаев пен Никитин органдар мен тіндерді алып, оны ары қарай сату мақсатында балаларды ұрлаумен айналысқан. Сонда Сауалбаев пен Никитин балаларды ұрлап, ал жоғары медициналық білімі бар Коренев органдар мен тіндерді алып отырған. Органдарды алғаннан кейін балаларды емдеп, емделгеннен кейін оларды адам толы жерлерге апарып, сонда тастап кететін. Осылайша олар 12 бала ұрлаған. Кезекті баланы ұрлағаннан кейін Кореневке балаларды емдеу пайдалы емес көрінгендіктен Сауалбаев пен Никитин 10 жастағы Коля деген баланы әкелгеннен кейін, Коренев оның екі бүйрегін, жүрегін, бауырын, терісін алады, соның нәтижесінде бала қаза тапты.

Әрбір қылмыс қатысушысының іс-әрекетіне саралау жасаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№9 - ЕСЕП.

Қол күресі бойынша ел чемпионатының жүлдегері Орымбеков пен Ержанов бірін-бірі жек көретін. Ержанов өзінің жеке қайғыларының бәріне Орымбековты кінәлі есептеп, оның үйіне келіп, есікті қатты қағып, оны балағаттай бастайды. Орымбеков есікті ашып, Ержановтың кетіп қалуын сұрайды. Алайда, Ержанов Орымбековты балағаттауын жалғастыра береді. Төбеліс басталып кетеді, сол уақытта Ержанов таяқты алып, онымен Орымбековты ұруға талпыныс жасайды. Орымбеков Ержановтың қолынан таяқты тартып алып, оның басын бұрап жібереді. Орымбеков өзінің жасаған қимылымен оның бас сүйегінің түбіндегі мойын омыртқаларын сындырып жіберді, соның нәтижесінде Ержанов сол жерде қайтыс болды.

Орымбеков қылмыстық жауапкершілікке тартыла ма?

Ол қажетті қорғаныс шегінде әрекет жасады деп есептеуге бола ма?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№10 - ЕСЕП.

Мақатов әйелінің өзінің көзіне шөп салады деп күмәнданып, соның салдарынан олардың арасында жиі ұрыс-керіс болатын. Күндердің

бірінде ол жұмысынан ерте келіп, ұйықтайтын бөлмені тексерсе, әйелінің басқа ер адаммен ұйықтап жатқанын көреді. Мақатов ұйықтайтын бөлмеден шығып, ас бөлмеге кіріп, онда шай ішіп, шылым шегеді. Содан кейін ас бөлмеден пышақты алып, оны әйелінің кеудесіне салады, соның нәтижесінде аортаны зақымдайды. Жоғарыда аталған әрекеттерді жасағаннан кейін Мақатов полицияға телефон соғып, жаңа ғана адам өлтіргенін хабарлайды.

ҚР ҚК 101-бабы бойынша Мақатовтың әрекеттерін саралауға негіз бар ма?

Заң шығарушы «ұзақ уақытты психотравмалық жағдай» ретінде нені есептейді?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№11 - ЕСЕП.

Мейірбеков Тапинамен бірге тұрады. Кездесулерінде ол өзінің 4 жастағы баласы болмаса, баяғыда өз әйелімен некесін бұзып, Тапинаға үйленетінін жиі айтатын. Тапина олардың ортақ бақытына тек Мейірбековтың ұлы кедергі келтіреді деген шешімге келіп, баладан құтылу қажет деп есептейді. Ол баланы мектептің жанынан күтіп алып, оны үйіне апарып тастауын ұсынады. Жол бойы олар сөйлесіп барып, оның үйінде жаңа туған мәулендердің (мысықтың күшіктері) барын айтып, оларды баланың көргісі келе ме деп сұрайды. Бала қызыға келіседі. Тапина баланы өзінің саяжайына апарып, оны сонда тұншықтырып өлтіреді, содан кейін мәйіттен құтылу мақсатында Тапина оны бөлшетеп бөліп, пешке жағып жібереді.

Тапинаның іс әрекеттерін саралаңыз.

ҚР ҚК бойынша «айдап салу» түсінігін анықтаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№12 - ЕСЕП.

Думанова көп уақыт бойы Дашкомен бірге тұрады. Думанова олардың қатынастарын заңды түрде қашан тіркейтіндігі туралы сұрағанда, Дашко тура жауаптан құтылып кететін. Сонда Думанова қарым-қатынастарын тіркеуді жеделдетемін деген оймен өзінің жүкті екенін Дашкоға айтады. Дашко қарым-қатынастарын тіркеуді, ал оның үстіне ортақ балаларының болғандығын қаламай, одан құтылуға бел байлайды. Көп кешікпей Дашко Думановаға тауға шығып демалуға ұсыныс жасайды, онда оны

жардан итеріп жібереді. Мәйітті сот-медициналық сараптамадан өткізу нәтижесінде Думанованың жүкті болмағандығы анықталды.

Дашконың әрекеттерін саралаңыз.

Берілген жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық құрамының субъективтік жағының саралау үшін маңызы қандай?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№13 - ЕСЕП.

Ерлі-зайыпты Шмаковтар арасында кезекті тағы бір жанжал туындады, барысында Шмаков шалбарының белбеуімен әйелінің басына бірнеше рет, бетінен жұдырықпен ұрып, содан кейін оның ішінен теуіп, денсаулығына орташа зиян келтірді. Зорлық-зомбылықты жалғастыра отырып, ол әйелді киімнің жағасынан ұстап алып, оны тұншықтырамын деп қорқытып, подъезд қоршауына басын қысып тастады. Осы уақытта пәтерге шу салдарынан көршілері шақырған полиция қызметкерлері келді.

Шмаковтың іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының қандай белгілері бар?

№14 - ЕСЕП.

Ерлі-зайыпты Николай мен Наталья Гаврилова бал айын Бурабай курорттық демалыс аймағында өткізуге шешім қабылдады. Демалыста болған кезде Николай әйелін демалушылардың біріне қызғанып, оны кеудесінен пышақпен ұрды. Сот-медициналық сараптаманың қорытындысына сәйкес, Натальяның денсаулығына ауыр зиян келтірілді. Николай полиция бөліміне жеткізілді.

Гавриловтың іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының қандай белгілері бар?

№15 - ЕСЕП.

Синицын пен Михнова бірнеше рет кездесіп жүреді. Күндердің бірінде Синицын Михнованы досының туған күніне шақырады. Тойдан кейін Синицын Михнованы үйіне шығарып салып келе жатқанда, оған өзімен жыныстық қатынасқа түсуіне ұсыныс жасайды. Михнова оған қарсы болады. Сонда Синицын оны күшпен шешіндіре бастайды. Михнова оған белсенді қарсылық көрсетеді. Синицын Михноваға келтірген қарсылықты баса алмайтынын сезіп, оны соққыға алады, соның нәтижесінде оған бас сүйек-ми зақымын, жұмсақ тіндерге көптеген

соққы, жыныстық органдарға зақым түріндегі зиян келтіреді. Алынған жарақаттарға қарамастан Михнова Синицынге қарсыласуды жалғастыра береді. Сонда Синицын Михнованың келтірген белсенді қарсылықтарына қозып кетіп, өзінің іс-әрекеттерін басқара алмай, Михнованы тұншықтырып тастайды.

Синицын қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп есептейсіз?

Жоғарыда көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылыққа саралау жасаңыз.

Михнованың белсенді қарсылық келтіруі, сонымен қоса Синицынды ұруы және оның намысына тию жағдайлары қаншалықты маңызға ие?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№16 - ЕСЕП.

Михина келесі күні 14 жасқа толуы тиіс болатын. Туған күніне орай ол өзінің достарын шақырады. Жанұялық тағам дайындау үшін оларға бүлдірген алып келу қажет болды, ол үшін Михина өзінің әпкесі Орловамен бүлдірген теру үшін тауға шығады. Онда оларға Балобеев бас салып, Михинаны зорлауға талпынады. Орлова Михина кәмелетке толмағандықтан оған тиіспеуін, ал жыныстық қатынасқа өзімен түсуіне көндіре бастайды. Балобеев оған келісіп, өзінің кеудешесін жерге жайып салып, сол жерде Орловамен жыныстық қатынасқа түседі.

Балобеевтің іс әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық құрамын қамти ма?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№17 - ЕСЕП.

Исаева кездейсоқ жыныстық қатынастардан жүкті болып, өзінің жүктілігін құпияда сақтайды. Туу жақындағанын сезген Исаева тауға кетіп қалып, сонда ұл баланы дүниеге әкеледі. Баланы ауа жұта алатындай етіп орамалға ораған Исаева баласын туған жерінен алыс емес жерде тастап кетеді. Келесі күні жолаушылар өлген баланы тауып алады. Сот талқылауы барысында Исаеваның қорғаушысы бұл қауіпті жағдайда тастап кету ғана орын алды деп, айтқанынан таймайды.

Сіздің ойыңызша қорғаушының қорытындылары негізді ме?

Аталған құқық бұзушылықты сіз қалай саралау едіңіз?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№18 - ЕСЕП.

Ермеков пен Сәменбаева ерлі-зайыптылар болатын. Сәменбаева жүкті болып, дәрігер кеңесін алуға есепке тұрады. Оның жүктілігінің 6 айында Ермеков кенеттен қайтыс болып кетеді. Сәменбаева жүктілігінің 7-айында туу толғағын сезіп, өзінің пәтерінде ішінен жауып, өзінен су кеткеннен кейін, үшкір біз алып, онымен құрсақтағы баланы тесіп жібереді. Бала өлі туады.

Сәменбаева жасаған қылмыстық құқық бұзушылыққа саралау жасаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№19 - ЕСЕП.

Мұсағұлов қажетті қорғаныс шегінен шығу жағдайында қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін сотталған. Бас бостандығынан айыру орындарынан қайтып келіп, жұмысқа орналасады. Жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін жазасын өтеу барысында әйелі Смаилова оны тастап кеткендіктен, ол анасының қолында тұрады. Ол өзін кінәлі деп есептемейтін және әйелінің оны күтпегеніне өкпелі болды. Күндердің бірінде Мұсағұлов спирт ішімдіктерін көп көлемде ішіп, бұрынғы әйелінің үйіне келіп, өзінің наразылықтарын айта бастайды. Смаилова ешқашан оған қайтып оралмайтынын айтады. «Онда басқалармен де болмайсың» деген сөздермен Мұсағұлов оның ішіне пышақ салып, оқиға болған жерден кетіп қалады. Смаилова алынған жарақаттан қайтыс болады.

Мұсағұловтың іс-әрекеттері қандай қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықтың құрамын құрайды?

Бұл қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерін атаңыз.

Берілген Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықты саралауда Мұсағұловтың адам өлтіргені үшін соттылық дерегінің қатынасы қандай?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№20 - ЕСЕП.

Пенкин Омаровтың отбасын жеккөретін. Омаровтар болмаған уақытта Пенкин олардың үйлерін әдейі жағып жібереді. Жолай өтіп бара жатқан өрт сөндіруші Қатаев үйдің өртеніп жатқанын көріп, оны сөндіре бастайды. Қатаевқа кедергі келтіру үшін Пенкин оның жағына мылтық

ата бастайды, соның нәтижесінде оқ Қатаевтың басына тиеді. Қатаев сол жерде мерт болады.

Пенкиннің іс-әрекеттерін саралаңыз.

Пенкиннің іс-әрекетінде қамтылған қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерін көрсете отыра, өз жауабыңызды қуаттаныз.

Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықты саралаудағы анықталмаған ниеттің әсері қандай?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№21 - ЕСЕП.

Малтабаров қонақта отырып, ішімдікті жеткілікті мол көлемде пайдаланғаннан кейін, шылым шегу үшін далаға шығады. Алаңда ол алты жасар қыз баланы байқап қалып, оны зорлауға бел байлайды. Алдау жолымен Малтабаров қыз баланы алыс емес жердегі баққа еліктіріп алып барады. Баланы зорлағаннан кейін, таспен басынан бірнеше рет ұрып жібереді. Сонан соң кішігірім ор қазып, денені сонда лақтырып тастайды, оның үстіне біраз топырақ, кепкен жапырақтар мен шыбықтарды сеуіп, оқиға болған жерден қашып кетеді. Біраз уақыттан кейін бала есін жиып, қазылған ордан шығып, жол бойына жетеді. Жолда автокөлік жүргізушісі қыз баланы өзінің көлігіне салып, ауруханаға жеткізеді.

Малтабаровтың іс-әрекеттерін саралаңыз және оның іс-әрекеттеріндегі қамтылған қылмыстық құқық бұзушылық құрамы белгілерін көрсету жолымен өз жауабыңызды қуаттаңыз.

Саралау үшін қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын анықтау қанишалықты маңызды?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№22 - ЕСЕП.

1999 жылы туылған Дегенов өзінің пәтерінде 1974 жылы туылған Ерғалиевпен және 1980 жылы туылған Кашкомен спирт ішімдіктерін пайдаланып отырған. Түнгі сағат 2.00-ің кезінде Кашко өзінің үйіне қайтып кетеді, ал Ерғалиев пәтерде қалып, жерге төселген құс төсек пен көрпенің үстіне жатып, ұйықтап қалады. Қатты алкогольды мастықтан Ерғалиев құсып, құс төсекті ластайды. Жоғарыда аталғандарға байланысты Дегенов Ерғалиевтің әрекеттеріне ызаланып, оны пәтерінен қуа бастайды. Сонда Дегенов есікті ашып, Ерғалиевті 5-қабаттың баспалдақ алаңына шығарып, қатты күшпен оны баспалдақтан төменге итеріп жібереді. Құлағанда Ерғалиев басынан зақым алады, одан кейін

Дегенов оны пәтерге алып кіріп, құс төсекке жатқызып, өзі ұйықтауға кетеді. Таңертең ояңғаннан кейін Дегенов Ерғалиевің өлгенін байқайды.

Дегеновтың іс-әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?

Егер Дегенов білімі бойынша хирург болғанда, сіз оның іс-әрекеттерін қалай саралар едіңіз?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№23 - ЕСЕП.

Нұрлан Сыздықов мектептен шығып бара жатқанда оны бейтаныс Мұқатаева тоқтатып, өзін оның анасының жаңа танысы ретінде таныстырып, оған автокөлік жүргізуге ұсыныс жасайды және оған сол уақытта тоқаш беріп, оны үйінде тірі кішкентай жолбарыстың күшігі бар екенін айтып қызықтырады. Бала «жақсы» тәтенің ұсынысына қызығып, онымен баруға келіседі. Олар Дүйсембеков отырған автокөлікке отырады. Дүйсембеков, Мұқатаева мен Нұрлан Сыздықовты өзінің қала сыртындағы саяжайына апарды. Кешкілік олар Нұрланның ата-аналарына телефон шалып, олардан 1 миллион АҚШ долларын талап етті. Үш күннен кейін ақша қылмыскерлерге аударылады. Үш күн бойы Нұрланды Дүйсембеков те, Мұқатаева да соққыға алады. Ақшаны алғаннан кейін Мұқатаева Дүйсембековке баланы жіберу қажеттігі туралы еске салады. Алайда, Дүйсембеков бала оларды танып қоюы мүмкіндігі жөнінде айтқанда оған Мұқатаева олардың қаладан кетіп қалуына ұсыныс жасайды. Дүйсембеков баланы өлтіру қажет деп есептеді, бірақ Мұқатаева баланың өлімі міндетті емес деп санап, оған келіспейді. Сонда, баланы құтқармақ болған Мұқатаева Нұрлан Сыздықовты түнде қалаға алып шығып, оны қаланың бас көшесіне қалдырып кетті. Суық тигеннен бала кайтыс болды.

Оқиға қатысушыларының іс-әрекеттерінде қамтылған қылмыстық құқық бұзушылық құрамы белгілерін талдай отырып, олардың іс-әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

ЖЫНЫСТЫҚ ҚОЛ СУҒЫЛМАУШЫЛЫҚҚА ЖӘНЕ ЖЫНЫСТЫҚ БОСТАНДЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ

№1 - ЕСЕП.

Спирт ішімдіктерін пайдаланып, мас күйінде болған Жакин өзінің отбасымен тұратын Базарбаеваның пәтеріне рұқсатсыз, кездейсоқ кіріп кетеді. Пәтерге кірген Жакин диванда Базарбаеваның өзінің кішкентай қызымен жартылай жалаңаш күйінде жатқанын көреді. Өзінің үстінен киімін шешкен ол диванға жайғасып, Базарбаева ұйықтап жатқан кезде онымен жыныстық қатынасқа түспек болады. Базарбаева оянып кетіп, бейтаныс ер адамның онымен жыныстық қатынасқа түскенін көріп, айқайлап, көмекке шақыра бастайды. Сонда Жакин киініп, үйден кете бастаған сәтте оны Базарбаеваның туыстары ұстап қалады. Алматы қаласының Бостандық аудандық соты Жакиннің істеген әрекеттерін ҚР ҚК 120-бабы бойынша саралайды.

Бостандық аудандық соты Жакиннің іс-әрекеттерін дұрыс саралады ма?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№2 - ЕСЕП.

Садықов ретсіз жыныстық қатынастарға толы өмір сүреді. Әйелдер оған көп көңіл аударатын, сондықтан ол өзін бәрінен әдемі және ақылды санап жүрді. Горинамен барда танысқан ол, өзімен уақыт өткізуін ұсынды. Горина келіспейді. Садықовқа оның келіспегені ұнамай, ол қайта-қайта өзінің ұсынысын қайталай береді. Горина ол оны «мүлдем ұнамайтындықтан», өзіне жабыса бермеуін сұрайды. Сонда Садықов бардан шығып, Горинаны бардың кіре берісінде күтіп тұрды. Горина шыққан кезде, Садықов оны көлікке итеріп кіргізіп, көліктің есігін жауып, оны өзінің саяжайына апарып, сонда зорлайды. Бір аптадан кейін Садықовта ЖИТС вирусын анықтады. Садықов Горинаны табуға бар жігерін жұмсады, ал тапқаннан кейін оған өзінен ЖИТС вирусын табуы мүмкін екендігі жөнінде жазбаша хабарлайды.

Садықовтың іс-әрекеттеріне саралаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№3 - ЕСЕП.

Еркінбеков, Бақытжанов пен Қайыржанов кәсіпкер Жанабаевтың жиырма жасар Әсел деген қызын бірігіп ұрлауға келіседі. Қыз баламен мейрамханада танысып, оны үйіне апарып тастауды ұсынды. Әселді өлтіреміз деген көптеген қорқытулардан және тұтқыннан төлем жасап босату талаптарынан кейін Жанабаев өзінде ондай ақшаның жоқ екенін, ал оларды кез-келген жағдайда тауып алатынын айтты. Сонда Әселді өзінің үйінде ұстаған Еркінбеков оны ұстауға кеткен шығындарды жабу мақсатында қыз баланы үйдегі барлық кір жұмысты жасауға мәжбүрледі, содан кейін ол Әселді зорлады. Сонымен қоса, қыз баланы үнемі соққыға алып зорлады.

Еркінбеков, Бақытжанов пен Қайыржановтың іс-әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№4 - ЕСЕП.

Сартаев өзінде трихомонада деген сөз ауруының бар болғанын біле тұрып, Бұқаршинаны зорлайды. Жыныстық қатынасқа түсу нәтижесінде оған жұқтырады.

Сартаевтың әрекетін сараланыз.

Өзінде жұқпалы аурудың бар болғаны туралы білмеген жағдайда ол Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке қалай тартылады?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№5 - ЕСЕП.

Васильев өзінде ЖҚТБ/ВИЧ-індетінің бар екенін біле тұра, өзінің көршісі – дәрігерлік қызметкер Жүрсеновадан өзіне тамырына глюкозаны уколмен салуын сұрайды. Жүрсенованың оң қолында ашық жара болғандықтан, ол емделу демалысында жатқан. Жүрсенова тамырдан инені алып жатқанда, Васильевтің қаны оның жарасына тамып кетеді, соның нәтижесінде Жүрсенова ЖҚТБ/ВИЧ-індетін жұқтырып алды.

Васильевтің іс-әрекеттерінде қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылықтық құрамы бар ма?

Васильевтің әрекетінің субъективтік жағына саралаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№6 - ЕСЕП.

Назаров мас күйінде болып, өзінің қарт көршісі Барковаға келіп, одан ішімдікке ақша сұрайды. Баркова ақша бермегеннен кейін, ол оны ұрып соғып, зейнеткердің алдыңғы екі тісін зақымдап жоғалтуға әкеп соқтырды және Баркованы зорлады.

Назаровтың әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№7 - ЕСЕП.

Мас күйінде Чекурихин досы Любавинмен және қыздары Новикова, Любавина және Агеевамен бірге саябақта серуендеп жүрді. Түннің ортасында Новикова мен Любавин үйге кетіп бара жатқанда, Чекурихин кәмелетке толмаған Агеевамен жалғыз қалып, оны жыныстық қатынасқа түсуге көндіре бастады, содан кейін жерге құлатып зорлады.

Зорлық-зомбылыққа қорланған Агеева келе жатқан пойызға қарай жүгірді. Чекурихин пойыздың астына түсуіне жол бермеу үшін оның артынан біраз уақыт жүгірді, бірақ есінен танып, құлап, суицидті болуын жоя алмады. Агееваның кәмелетке толмағандығы туралы Чекурихин білмеді.

Чекурихиннің әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз?

Жәбірленушінің жасы зорлау үшін қылмыстық жауапкершіліктің маңызы қандай?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

№8 - ЕСЕП.

Құрылыс фирмасын басқара отырып, Карханов тас қалаушы Мирзоеваны басқа ешкім болмаған жерде жұмыс істеуге жіберді. Жұмыс күнінің соңында ол сол жерге келіп, әйелді құшақтай бастады және онымен жыныстық қатынасқа түсуін талап етті. Сонымен бірге ол Мирзоеваға басшы ретінде оған толықтай тәуелді екенін және егер ол оның талабы туралы біреуге айтса, оны өлтіретінін айтты.

Кархановты қылмыстық жауапкершілікке тартуға бола ма?

Егер ол жәбірленушіні өлтіру қаупімен онымен жыныстық қатынасқа түсуді талап етсе, заңды шешім бар ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

№9 - ЕСЕП.

Мас күйінде болған Кулаков өзінің таныс Першиннің пәтерінде көзін тырнап аламын деп қорқытып (қолында тырнақ бар) он алты жасар Розованы зорлады. Ол жүкті болды. Іс бойынша Кулаков пен Розованың сол күні кешке кафеде кездескені анықталды, онда жәбірленуші үлкен құрбыларымен бірге коньяк ішкені және сол үстелге басқа келген жастармен, олардың арасында Кулаков болғаны анықталды.

Кулаковтың әрекетіне саралау беріңіз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

№10 - ЕСЕП.

Усманов, Палкин, Миронов мас күйінде үйдің кіреберісінде баспалдақтың астында ұйықтап жатқан мас Фокинаны тауып, оны зорлауға шешім қабылдады. Олар Фокинаны сарайдың артына апарып, қардан тазартылған ойыққа апарып, үшеу кезек-кезек зорлады. Жәбірленушіні қатты мас күйінде қалдырып, оқиға орнынан қылмыскерлер қашып кетті. Фокина гипотермиядан қайтыс болды.

Іс-әрекетке сараптама беріңіз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

№11 - ЕСЕП.

Комаров мас күйінде кешкі уақытта екі ауыл арасындағы жолда өзіне таныс емес Опрятованы кездестірді. Комаров оны зорлауға шешім қабылдады және оны бұталарға сүйреп апарып, сол жерге құлатып, бетіне, басына, денесінің әртүрлі бөліктеріне бірнеше рет соққылар жасады және онымен жыныстық қатынасқа түсті. Опрятованы зорлап, Комаров оны тұншықтыра бастады, қолдарымен мойнын қысып. Мойынның қысылуы нәтижесінде пайда болған асфиксиядан Опрятова оқиға орнында қайтыс болды. Комаров өлтіргеннен кейін ол құрбаннан алтын бұйымдарын алып, сөмкесімен әмияны алып кетті.

Комаровтың әрекеттерін саралаңыз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

№12 - ЕСЕП.

Түнде Васильев Куваевамен танысып, оны үйіне дейін шығарып салуға барды, оған бірнеше рет онымен жақын қарым-қатынаста болуды ұсынды, бірақ әрдайым бас тартты. Темір жол жағасынан өтіп бара жатып, Куваеваны иығына итеріп жіберді, сондықтан ол төмен қарай

жүгірді. Зорлық-зомбылық көрсетіп, Васильев оны құлатып, бетіне, аяқ-қолына және кеуде аймағына бірнеше рет соққы жасап, денсаулығына орташа зиян келтірді. Куваеваның қарсылығын басқан соң онымен табиғи жыныстық қатынас жасады, содан кейін жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық жасады. Жасаған әрекеті үшін жауапкершіліктен жалтару үшін Васильев Куваевадан құтылуға шешім қабылдады. Осы мақсатта оның мойнын қолыммен күшпен қысып, содан кейін жәбірленушінің мойнында тұрған металл моншақпен қысып тұншықтырады. Нәтижесінде жәбірленуші механикалық асфиксиядан қайтыс болды. Куваеваның киімінен құлаған ұялы телефонды ұстап алған Васильев оқиға орнынан қашып кетті.

*Васильевтің әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.
Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.*

№13 - ЕСЕП.

Рахманов пен Квашенкин мас күйінде Назарованы көріп, онымен зорлық-зомбылық жасауға келісті. Рахманов жәбірленушінің мойнына пышақ қойып «егер сен дыбыс шығарсан, өлтіремін» деп қорқытқан. Ол қорқып, айқайлады, сонда Рахманов пышақпен оның мойнына екі кесілген жарақат келтірді және өлтіру қатарымен қорқытып, оны қоршаудағы жарықшақтан өткізіп, көкөніс бақшасына кіргізді. Онда Рахманов пен Квашенкин Назарованы жерге құлатып, оны күштеп шешіндірді. Осыдан кейін Квашенкин онымен табиғи түрде жыныстық қатынас жасады, ал Рахманов жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық жасады. Осыдан кейін Квашенкин мен Рахманов өздерінің қылмыстарын жасыру үшін Назарованы өлтіруге келісіп, мойнына ілмек түрінде сым салып, оны әр түрлі ұштарынан тартып, жәбірленушінің өліміне әкелді. Содан кейін мәйітті жақын маңдағы тоғанға сүйреп апарып, суға тастады.

Аталған адамдардың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

№14 - ЕСЕП.

Климов пен Васильева - Климовтың бірге тұратын ұлының әйелі, Васильева тұрған пәтердің асханасында болған. Мас күйінде болған Климов Васильеваға онымен жыныстық қатынас жасауды ұсынды. Васильева бас тартты. Ол айқайлап, құтылып кетпек болғанда, жәбірленушінің қарсылығын жеңу үшін оны бір қолымен шашынан

ұстап, екінші қолымен алақанымен бетіне соққы жасады, содан кейін ол Васильеваны еденге құлатты. Климов оны және оның жас ұлын өлтіремін деп қорқытып, жәбірленушінің қарсылығын басып, онымен жыныстық қатынас жасады. Осыдан кейін Климов жасаған әрекеті үшін қылмыстық жауапкершіліктен жалтару мақсатында жәбірленушіге болған оқиға туралы біреуге айтса, өлтіремін деп қорқытқан.

Климов жасаған әрекетке қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

№15 - ЕСЕП.

Юсупов, Сергеев және Цаплин Титова мен Чехова екі қызбен танысып, оларды үйге өлең тыңдауға шақырды. Пәтерде болған соң, ер адамдар есікті құлыптап, қыздардан зорлық-зомбылықпен қорқытып, жыныстық қатынасқа түсуді талап ете бастады. Қыздар біраз уақыт ас үйде жалғыз қалғанда, олар өздерін құтқаруға тырысты: Чехова ас үйдің есігін ұстап тұрды, ал Титова 8-ші қабаттағы лоджияға көтерілуге тырысып, терезеден шалынып, жерге құлап, өлді.

Іс-әрекетке саралау беріңіз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

№16 - ЕСЕП.

12 қаңтарда сағат 23 шамасында Маслов пен Жортаев көшеде Кирилловамен кездесіп, оны көлік кәсіпорнының дәлізіне сүйреп апарып, өлтіру қатерімен қорқытып, еденге құлатып, жәбірленушінің қарсылығын басып, зорлады. Олар жәбірленушінің тыныс алу жерін қолдарымен жауып, оған айқайлауға мүмкіндік бермеуге тырысты. Кириллованың өмір белгілерін көрсетпейтінін анықтағаннан кейін, екеуі де оған жасанды тыныс ала бастады, бірақ нәтиже болмады. Жәбірленуші механикалық асфиксиядан қайтыс болды.

Қылмыстық зорлық-зомбылық нысанын анықтаңыз. Аталған адамдардың іс-әрекеттерінің субъективті жағын сипаттаңыз.

Маслов пен Жортаевтың іс-әрекеттерін саралаңыз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ, СОНЫМЕН ҚАТАР ҚАТЫГЕЗ, АДАМГЕРШІЛККЕ ЖАТПАЙТЫН НЕМЕСЕ ҚАДІР-ҚАСИЕТТІ ҚОРЛАЙТЫН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ, АЗАПТАУДЫ САРАЛАУ

№1 - ЕСЕП.

Пошта бөлімшелерінде хат тасымалдаушы болып қызмет істейтін Журович қызығушылық тұрғысынан бірнеше рет бөтен хаттардың мазмұнымен танысып жүрген. Мұндай хаттардың арасында Журовичтің таныстарына тапсырыс бойынша келетін және кейде арасында сырластық (ашыналық) деректері барлары да болған. Осы хаттардың кейбіреулерінің мазмұнына Журович өзінің асыра жорамалдарын қоса отырып, құрдастары мен туысқандарын хабардар еткен. Үй тұрғындары арасында азаматша Бакаева жайлы өсек таратқан. Мұндай өсек-аян Бакаеваның ар-ожданына тиген соң, ол оны таратқан адамды анықтаған.

Пошта қызметкері Журовичтің іс-әрекеттерін саралаңыздар.

Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.

№2 - ЕСЕП.

Металлургиялық өнеркәсіп мекемесінің әкімшілігі жұмыскерлерді қажетті санитарлық-гигиеналық және жұмыстың қауіпсіздік жағдайларымен қамтамасыз етпеген. Осының салдарынан жұмыскерлер арасында жарақат алу мен ауру-сырқаулық арта түскен. Кәсіподақ комитетінің басшысы жергілікті ақпарат құралдарының редакциясынан зауыт басшылығына ықпал етуді сұрайды. Оны біліп қойған зауыт директоры Мамиев мекеме аумағына журналистерді кіргізбеу туралы бұйрық шығарады. Мән-жайды білуге келген баспасөз тілшілері Лемешев және Сыздыкова қаруланған күзет қызметкерлерімен мекеме аумағына кіргізілмейді.

Мамиевтің іс-қимылдарында қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?

Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.

№3 - ЕСЕП.

Полицияның учаскелік инспекторы Нуриев телефон бойынша анонимдік хабар естиді. Бұл хабардың мазмұнына сай, Шубинаның

пәтерінде кеш сайын қоғамдық тәртіпті бұзатын күдікті топ жиналады екен. Аталмыш ақпаратты тексеру мақсатында Нуриев кешкі 23 сағат 30 минут шамасында Шубинаның есігін қағады, өзінің кім екендігін айта отырып, пәтерге кіргізуін сұрайды. Есіктің әр жағынан Шубина «қажетті сұрақтарыңыз болса полиция бөлімшесіне шақырып сұраңыз немесе телефон соғып білуіңізге болады» - дейді.

Өз дегенінде тұрған Нуриев «пәтерге кіргізбеген жағдайда полиция жасағы шақырылып, есік бұзылады» - деп қорқытады. Зәресі кеткен Шубина учаскелік инспекторды пәтеріне енгізеді. Нуриев бөлмелерді, шкафтар мен зат сақтайтын жерлерді қарап қызықтырарлық еш нәрсе таппайды. Ал Шубина, маңайдағы көршілер шағымданып жатыр, мұндай жақсылықпен бітпейтіндігі жайлы ескертіледі.

Сол күні Шубина прокурорға учаскелік инспекторды жауапкершілікке тартуды талап ету арқылы шағымданады.

Шағым бойынша қандай шешім қабылдануы мүмкін?

Нуриевтің қимылдары қылмыстық құқық бұзушылыққа жата ма?

№4 - ЕСЕП.

Тұрғылықты мекен-жайы жоқ және еш жерде жұмыс істемейтін Аваков құлыпты сындыра отырып Елемесовтің саяжай үйіне кіреді және ол саяжайды бірнеше жұма мекендейді. Елемесов өз саяжайына келгенде Аваковты көріп, шығарып жіберуге тырысады. Алайда, Аваков саяжайдың иесін сабайды және келешекте бұл саяжайды иемденетіндігін айтады.

Аваков әрекетін саралаңыздар.

Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.

№5 - ЕСЕП.

Прокуратура тергеушісі Горский Айвазовтың жасаған қылмысын әшкерелеуге қажетті дәлелдемелерді жинап, оған айып тағады. Айвазов істің барлық материалдарымен таныстыруды және оның ішінен кейбір мәліметтерді жазып алуды талап етеді. Сотқа дейін бұл мәліметтер бөтен адамдарға мәлім болу мүмкіндігін ескере отырып, Айвазов қойған талапты қабылдамайды.

Прокуратура тергеушісінің әрекеттерін саралаңыздар.

Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.

№6 - ЕСЕП.

«Еңбек» АҚ басшылығы инженерлік лауазымдарға қосымша қызметкерлер алу жайлы жарнама береді. Жұмысқа алу құқығы бар АҚ бастығының орынбасары Ибраевқа азаматша Каримова келіп, қажетті мамандықта жұмыс істейтіндігі жайлы ықылас білдіреді және тиісті құжаттарын ұсынады. Ибраев ұсынылған құжаттармен танысқан соң, Каримованы жұмысқа алатындығы туралы келісімін береді. Бірақ кейіннен Каримованың 1,5 және 2 жасар балалары бар екендігін білген соң, жұмысқа алудан бас тартады. Оның себебі, балалар ауырып қалса, жиі жұмыстан қалып отырады, ал мекемеде онсыз да қызметкерлер жеткіліксіздігі айтылады.

Ибраевтың іс-қимылдары заңды ма?

Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.

№7 - ЕСЕП.

Аудан әкімі Елин өзінің орынбасары Рыковтың бақталастығынан қорқып, оның отбасы және жеке басының өмірі жайлы мәліметтерді жасырын жинауды аудандық полиция бастығы Бекетовке тапсырады. Бекетов жиналған мәліметтерді Елинге береді, ол Рыковтың абыройын төгерліктей ешбір деректер болмағандықтан, алынған мәліметтерді пайдалана алмайды.

Жоғарыдағы тұлғалардың іс-әрекеттеріне заң тұрғысынан баға беріңіздер.

№8 - ЕСЕП.

Тау-кен комбинатының цех бастығы Смаков электр құрылғыларын пайдалану ережелерін бұза отырып, жоғары кернеулі желіні алдын-ала тексерістен өткізбей іске қосады. Осының салдарынан комбинатта жұмыс істемейтін Көккөзов көшемен келе жатып, жалаңаштанған сымның басын басады да, электр тоғынан келген әсерден қаза табады.

Смаковтың іс-қимылдарында қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?

№9 - ЕСЕП.

Сайлау комиссиясының мүшесі Козырев учаскесінде өзіне жағымсыз кандидатқа көпшіліктің берген дауыстары орын алған бюллетеньдердің бірқатарын бүлдіруге бел буады. Осындай мақсатта Козырев бюллетеньдердегі екінші кандидаттың тұсынан белгі қоя отырып, оларды

жарамсыз күйге ұшыратады. Осылайша Козырев 217 бюллетень бүлдіреді. Бұған қарамастан, Козыревке жеккөрінішті ұнатпайтын кандидаты көпшіліктің қалауы болып, сайлаушылар оған көп дауыс береді.

Козыревтың іс-қимылдарында қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?

Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.

№10 - ЕСЕП.

Астық қабылдау бекетінің директоры Мазин мен осы мекеме шебері Разаков бидай төгетін қамбалардың жан-жағын сақтандырғыш бөгеттермен қамтамасыз етпеген. Осының салдарынан астық қабылдайтын бекеттің қызметкері Солдатова құйылған бидайдың легімен түсіргіш люктің ішіне құлап кетіп, қаза болады.

Мазин мен Разаковтың жауапкершілігі жайлы сұрақты шешіңіздер.

ЖОҒАРЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ

№1 - ЕСЕП.

Сатушы Мохнатов жұмыс орнында шарап сатты, бірақ ол жұмыс берушінің шарабы емес өзінікі болды. Осы әрекеттерін жасыру мақсатында электронды кассалық құралдағы ақпаратқа арнайы құрлығылармен өзгертулер енгізді.

Іс-әрекеттерді саралаңыз.

Егер осы әрекеттерді жұмыс берушінің тапсырмасымен салық органдарынан жасыру мақсатында электронды кассалық құралдағы ақпаратты арнайы құрлығылармен өзгертулер енгізсе, саралау өзгере ме.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

№2 - ЕСЕП.

Патова Мишутовпен танысқанда, жігіт өзінің белгілі ірі АҚ маңызды лауазымда жұмыс істейтінін айтты. Айтқанының шын екенін білу мақсатында Патова ғаламтор арқылы қорғау ақпаратын бұзып, аталған АҚ желісіне кіріп, Мишутовтың сол мекемеде жұмыс істейтінін, бірақ басқа лауазымда екенін анықтап алған.

Патованың іс әрекетін саралаңыздар.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

№3 - ЕСЕП.

Абдрахманов автомашинасына заводтан орнатылған борт компьютерінің чип бағдарламасын өшіріп, орнына ғаламтордан тегін кең тараған бағдарламасын орнатты.

Абдрахмановтың іс әрекетін саралаңыздар.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

№4 - ЕСЕП.

АҚ директоры Шалабаев басқа бәсеке мекеменің банктік шотын білгісі келді. Ол маманды жалдап, ғаламтор арқылы банктің қорғау бағдарламасын бұзып, өзіне керекті шот бойынша жасалған банктік операцияларды тауып, оны манитор экранына шығарды. Шалабаев

ақпаратты көріп және керекті шоттар туралы мәліметтерді блокнотына жазып алды.

Іс әрекеттерді саралаңыздар.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

№5 - ЕСЕП.

Деменко баспахана курьері қызығушылықпен 500 тенге тұратын дискетаны ұрлап алды. Дискетада Теміртасовтың романы жазылған, оны қарап шығып, өшіріп тастаған. Редактор дискетаның ұрланғанын біліп, Темиртасовқа хабаралсады. Ол жалғыз ғана көшірмесі бар екенін айтты және келісім шарт бойынша оған 5000 АҚШ доллары төленуі қажет еді. Кейін дискетаны курьер Деменко ұрлағаны анықталды.

Іс әрекеттерді саралаңыздар.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

№6 - ЕСЕП.

Коммерциялық банктің директоры Бюсембаев қызметкерлерге компьютердің дисководына вирусқа тексерілмеген дискеталарды салуға тыйым салады. Бас бухгалтер Жулицкая директордың тыйымын бұзу салдарынан мекеменің локальдық желісіне вирус кіріп, компьютерлер істен шығып, ақпараттар жойылады. Жұмысты қалпына келтіру 90.000 тенгеге шықты.

Іс әрекеттерді саралаңыздар.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

№7 - ЕСЕП.

Хохлов университетінің аспиранты, 23 жаста, компьютерлік «вирусология» бойынша зерттеу жұмыстарымен айналысқан. Жұмыстың мақсаты жаһандық желілік инфрақұрылымның ауқымын анықтау болды. Көбею механизміндегі қателіктер нәтижесінде «желілік құрттар» деп аталатын вирустар университеттің компьютерлік желісіне еніп, факультеттер мен бөлімшелердің компьютерлеріндегі ақпаратты жойды. Нәтижесінде университет қызметкерлерінің тізімдері, жалақы бойынша есеп айырысулар толығымен жойылды, ғылыми-зерттеу жұмыстарының материалдары бүлінді, оның ішінде екі кандидаттық және бір докторлық диссертация «жоғалып кетті».

Хохловтың іс-әрекетінің заңдылығы туралы мәселені шешіңіз.

Компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстардың субъективті жағы қандай?

№8 - ЕСЕП.

Сырттай бөлімнің студенті Ыдырысов бақылау және курстық жұмыстарды рәсімдеу үшін университеттің компьютерлік сыныбындағы компьютерді пайдалануға шешім қабылдады. Факультет деканатының рұқсатынсыз ол сыныпқа кіріп, компьютерде жұмыс істей бастады. Компьютерде өте үстірт білім мен жұмыс дағдыларының арқасында машинаның жұмысында ақаулар болды, бұл кейіннен модемді - компьютерлік жүйенің элементтерінің бірін өшіруге әкелді.

Ыдырысов қылмыстық жауапкершілікке тартыла ма?

№9 - ЕСЕП.

Мемлекеттік мекемелердің бірінің компьютер операторы Утевский басқа ұйымдардың қызметкерлерінен алынған ақпараты бар көптеген иілгіш дискілерді қолдана отырып, жеткізушілердің «вирустар» жоқ екеніне сеніп, оларды әрдайым «вирустарға» тексере бермейді. Нәтижесінде Утевскийдің компьютеріне, содан кейін мекеменің компьютерлік желісіне біріктірілген вирус еніп, мемлекеттік құпияны қамтитын ақпараттың жоғалуына әкеліп соқтырды және ғарыш объектілерінің бірін ұшырудың бұзылуына қауіп төндірді.

Утевскийдің әрекеттеріне заңды талдау жасаңыз.

№10 - ЕСЕП.

Савченко «Ресей сбербанкі» клиенттерінің жеке ақпаратын иемдену мақсатында жалған электрондық хаттарды таратуды жүзеге асырды. Ақпараттық бюллетень клиенттің жеке шотына 100 АҚШ долларын аудару туралы хабарламасы бар электрондық пошта болды және аударымды растау үшін «Ресей Сбербанк online» интернет-бакинг жүйесіне кіруді сұрады. Көрсетілген сілтемені ұстанған жағдайда, Савченко жасаған сайтқа кіру болды және «Ресей сбербанкі Online» бастапқы экранына өте ұқсас болды. Жүйеге кіру үшін он адам несие картасының нөмірін және PIN кодын енгізді. Осылайша алынған ақпаратты пайдалана отырып, Савченко Ситибанкте орналасқан Павлов пен Костенконың тиісінше 15 және 20 мың доллар сомасындағы ақшалай қаражатын иемденді.

Савченконың ісіне саралау беріңіз.

№12 - ЕСЕП.

Есептеу математикасы факультетінің студенті Гуляшов желіге қосылуды имитациялау арқылы алаяқтық жолмен қол жеткізуден тұратын желілік шабуылдарды ұйымдастырды. Осылайша, ол интернет пайдаланушыларының шоттары және кейбір несие карталары мен пин-кодтардың нөмірлері туралы ақпаратқа қол жеткізді. Алынған ақпаратты Гуляшов ақшалай қаражатты ұрлау үшін пайдаланған сыйақы үшін Сорокинаға берді.

Фишинг, алдау және фарминг дегеніміз не? Гуляшовтың іс-әрекетінде қандай қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері бар? (фишинг, алдау немесе фарминг).

Гуляшов пен Сорокинаның ісіне саралау жасаңыз.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПКЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ

№1 - ЕСЕП.

Титовтың басшылығындағы террористік ұйым саяси талап қоя отырып, (15 адам) кепіл адамдарды тұтқынға алды. Кепілге адам ұстағандардың тобын Дотов басқарды. Жутов қатардағы орындаушы ретінде болды. Олардың барлығы атыс қаруымен қаруланған. Кепілдегі адамдар отырған ғимаратқа оларды құтқару үшін атойлап шабуыл жасау туралы шешім қабылданды. Атойлап шабуыл жасау барысында құқық қорғау қызметкерлері қаруынан кепілде болған екі адам қазаға ұшырады. Кепілде болған адамдардың қалғаны құтқарылды. Террористер қару қолдану мүмкіндігі бар болса да, қару қолданып үлгермеді. Титов, Жутов және Дотов тірідей қолға түсті.

Титов, Жутов және Дотовтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.

Құқық қорғау қызметкерлері қабылдаған шешімге қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

Қосымша басқа қылмыс құрамдарымен саралау талап етіледі ма?

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№2 - ЕСЕП.

Хасенов мас күйінде көшеде бейтаныс әйелдің өзімен бірге қыдыруын талап етіп, тиісе бастайды. Әйел одан бас тартады, сол кезде ол әйелге дөрекі сөздер айтады. Сол маңайда жүрген полиция қызметкері Хасеновке өзімен бірге бөлімшеге жүруін талап етеді, сол кезде Хасенов полиция қызметкерінің бетінен жұдырықпен ұрып және аяғынан шалып құлатады. Жетіп үлгерген басқа полиция қызметкерлері Хасеновты ұстайды.

Хасеновтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.

Қосымша басқа қылмыс құрамдарымен саралау талап етіледі ма?

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№3 - ЕСЕП.

Мас күйінде зейнеткер Заболотов Энсқ қ. ПБ кезекші бөліміне қоңырау соғып, егер Үкімет екі сағаттың ішінде зейнетақыны екі есе

арттыру жөнінде жария хабар таратпайтын болса, №97 гимназияны жарып жіберетінін, ол жерде жарылғыш зат қойылғандығын хабарлайды. Алайда, Заболотовтың айтылған қауіп-қатерін орындауға ешқандай мүмкіндігі, ешқандай пиғылы болмаған.

Заболотовтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№4 - ЕСЕП.

«Аврам» автотұрағында күзетші болып жұмыс істейтін Уваров мас күйінде жол бойында орналасқан жарық беру аспаптарына қарай тапаншадан оқ атқан.

Уваровтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№5 - ЕСЕП.

Мамонтов шағын калибрлі тапанша бөлшектерін ұрлап, жетіспейтін бөлшектерін қолдан жасап, атуға жарамды қаруды көршісіне сатып жібереді.

Мамонтовтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№6 - ЕСЕП.

Өз үйінде тегіс ұңғылы аңшы мылтығын сақтаған Вуалиев одан шолақ мылтық жасайды. Оған келген Зубарев сол шолақ мылтықты жымқырып кетеді.

Кінәлілердің әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№7 - ЕСЕП.

Прохоров өзінің үйіндегі құрастырылған сейфте тапанша сақтаған. Оның ұлы тапаншаны кездейсоқ тауып алып, қызықтап қарап отырған сәтте атып жібереді де, қарындасын жарақаттайды.

Кінәлілердің әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№8 - ЕСЕП.

Яковлев, Кудрявцев және Махмутов қылмысты ұйымдастырушы Яковлев жасаған жоспар бойынша адамдарды ұрлауды ұйымдастырып, оларды босату үшін 10 000 000 теңге көлемінде ақша талап еткен.

Кінәлілердің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№9 - ЕСЕП.

Шолақ мылтықпен қаруланған Иванов, Сәрсембаев және олармен бірге кәмелетке томаған екі жеткіншек күндізгі мезгілде дүкендерге, ал түн ішінде азаматтарға шабуыл жасаған.

Кінәлілердің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№10 - ЕСЕП.

Кеден бақылауында жеке қарау жүргізу кезінде Сүреновтің қол жүгінен жалпы құны 300 000 теңге болатын есірткі заттары мен бір атыс қаруы табылған.

Кінәлілердің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№11 - ЕСЕП.

Мақсұтов, Яковлев және Игнатъев тағы бес адамды жинап кешкі мезгілде дүкендердің үлкен терезелерін, автомобильдердің шыныларын сындырған. Полиция қызметкері ескерту жасағанда Мақсұтов пен Яковлев полиция қызметкерін ұрып-соғып, қашып кеткен.

Кінәлілердің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№12 - ЕСЕП.

Нұра өзенінен төрт адамның мүрдесі табылды. Кісі өлімін тергеу барысында күдікті ретінде үш адам ұсталады. Олардың

ұйымдастырушысы бұрын сотты болған Суриков, ал қалған екеуі сотталмаған. Кісі өлтірудің технологиясын және қылмыс жасауды ұйымдастырушының өзі ойластырған: болашақ «құрбандарын» базардан таңдаған, оларға көтерме бағамен сатуға тауар ұсынады да, тауар үшін есеп айырысуды бір фирманың офисінде жүргізуді белгілейді. Адамдарды иесіз аумақтағы орналасқан вагон-жайға шақырып, онда оларға тұзақ салып, буындырады. Ал тауарлар мен ақшаны өзара тең бөліскен.

Кінәлілердің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

№13 - ЕСЕП.

Қыдырбаев, Семенов, Рахметов кешкі уақытта шахтадан қайтып келе жатып, студент топтың бұзақылық шабуылына тап болып, оларға жеңіл түрде дене жарақаттары келтіріледі. Бұған ашулары келген олар достары шахтадағы жұмысшыларды жинай бастайды, содан кейін таяқ және темір арматурамен қаруланған тобыр жатақхана жаққа қарай барып, сол жерде әрбір студентті соққыға жығып, студенттердің бөлмелерін талқандап, өрт қояды. Орын алған құлмыстық құқық бұзушылық бойынша оқиға орнына келген жол-патурльдік полиция жасағы (5 полиция қызметкері) тәртіп орната алмай, өздері соққыға жығылады. Қыдырбаев, Семенов және басқалары қалың топты студенттерге және полиция қызметкерлеріне күш көрсетуге белсенді қатысу үшін үгіттеп тұрды. Осы жаппай төбелес кезінде полиция қызметкерлерінің біреуіне орташа дәрежедегі, ал бес студентке ауыр дәрежеде зардап келтірілді. Бұл оқиғаға жиырмадан астам адам қатысты, осы оқиғаның салдарынан көлік қозғалысы тежеліп және полиция қызметкерлерінің екі арнайы көлігі бүлінді.

Кінәлілердің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

ЕСІРТКІ, ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРМЕН, СОЛ ТЕКТЕСТЕРМЕН ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ

№1 - ЕСЕП.

Полиция қызметкерлерімен жедел іздестіру шаралары барысында азамат Анашинді ұстап алып, жеке тінту кезінде онда 0,07 грамм героин табылған.

Анашин қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартыла ма?

ҚР ҚК 296-бабының 2-бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық құрамына талдау жасаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№2 - ЕСЕП.

Бұрын сотталған Тұтқынбаев өзінің 15 жасар інісі Алыбайды қала сыртында тұратын танысы Кусковтан дәрі алып келуін сұрайды. Алыбай Кусковтан түйіршекті алып, үйіне қайтып келе жатқанда оны полиция қызметкерлері ұстап, түйіршекте салмағы 300 грамм гашиш есірткі затын табады.

Алыбайдың іс-әрекеттерінде ҚР ҚК 296-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?

Егер болса, онда оның іс-әрекеттерін саралаңыз.

Алыбай мен Кусковтың іс-әрекеттеріне Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықтық-құқықтық баға берініз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№3 - ЕСЕП.

Шу алқабының тұрғыны Алиев өзінің автокөлігінде Алматы қаласына жиналып жатқан көршісі Кузинді өзінің туысы Асхатовқа қойдың етін апарып тастауын сұрайды. Кузин келісіп, қапта оралған қойдың етін алып, өзінің автокөлігінің жүк салғышына салып қояды. Алматы қаласына кетіп бара жатқан жолда ЖПҚ (Жергілікті полиция қызметі) постында автокөлікті қарап шығу барысында қой етімен бірге қапта салмағы 3 кг марихуана есірткі заты табылды.

Кәнілі тұлғалардың іс-әрекеттерін саралаңыз.

Есірткі заттардың жүйкеге әсер ететін заттардан айырмашылығы неде.

*Есірткі заттарының ірі мөлшері ретінде не түсіндіріледі?
Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

№4 - ЕСЕП.

Ундизов өзінің танысы Масхадовтан 30 000 теңге қарыз алып, оны уақытында қайтара алмайды. Масхадов Ундизовке өзінің қарызын қайтаруға бірнеше рет талаптар қойғаннан кейін Ундизов құны 30 000 теңге болатын дәрігердің жазып беруі бойынша өзі қабылдап жүрген морфин ерітіндісі есірткі затын беруге мәжбүр болып, үш күннен кейін Масхадов морфиннің ерітіндісін өзінің көршісі Ералиевке 25 000 теңгеге сатып жібереді. Ералиев өзінің таныстары Гусак, Спивак және Киммен аталған есірткі затын өзінің үйінде пайдаланып жатқан кезде оларды полиция қызметкерлері ұстап алды.

*Оқиға қатысушыларының әрбірінің іс-әрекеттерін саралаңыз.
Есірткі заттарын сату түсінігін берініз.
Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

№5 - ЕСЕП.

Мұсаев өзінің бақшасында жабайы өсіп тұрған кенешөпті шауып алып, үйінің шатырының астына кептіруге жайып қойған. Кептірілген кенешөпті ұсақтап, целлофан қаптарға өлшеп салып, орап, жер төлеге тығып қояды. Бір айдан кейін азық-түлікпен қоса оралған кенешөпті кәмелетке толмағандар Лазарев пен Тараторкин ұрлап алды, оларды полиция қызметкерлері ұстап алып, ұрланған затты тәркілейді. Тергеу барысында Тараторкиннің ұрланған кептірілген кенешөптің жартысын велосипедке айырбастап алғаны анықталды.

Аталған тұлғалар халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қайсысында кінәлі?

Есірткі заттарын дайындаудың есірткі заттарын өңдеуден айырмашылығы неде?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№6 - ЕСЕП.

Адамов оңай пайда табу мақсатымен Ұлановқа түнгі клубта қайдан пайда болғаны белгісіз дәрілік шөптерді анаша ретінде сатқан. Полиция қызметкерлері Ұлановты ұстаған кезде ол есірткі заттарын сатушы ретінде Адамовқа меңзеп көрсетті.

Адамов пен Ұлановтың іс-әрекеттеріне Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықтық-құқықтық баға беріңіз.

Адамов Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартыла ма?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№7 - ЕСЕП.

Шу алқабының тұрғыны Қарбызов кенешөпті ұсақтап, жапырақтар мен гүл шоғырларымен сеуіп, оларды дайындағанан кейін оларды станцияға дейін өзінің жылқысымен тасып жеткізіп, жолсерік Гаджиевке қантқа айырбастап алады. Алматы қаласына келгенде Гаджиев есірткі заттарын Үсеноваға 40 000 теңгеге сатты, көп кешікпей Үсенова полиция қызметкерлерімен ұсталды.

Аталған тұлғалардың іс-әрекеттерін саралаңыз.

Есірткі заттарын тасымалдаудың жөнелтуден айырмашылығы неде?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№8 - ЕСЕП.

Пармонов Ласановты есірткі заттарын сататын адаммен жолықтыруын сұрайды. Екі күннен кейін Ласанов Пармоновқа келіп, героиннің, опийдің және марихуананың құнын айтып, ал ол сатып алуға келіскен кезде Ласанов оған мекен-жайды хабарлайды. Осыдан кейін Пармонов мәлім мекен-жай бойынша келіп, 0,60 грамм героин сатып алады. Ол үйден біраз қашықтағанда полиция қызметкерлерімен ұсталады.

Ласановтың іс-әрекеттері қылмыстық құқық бұзушылық болып табыла ма?

Пармоновтың және оған героин сатқан адамның іс-әрекеттерін қалай саралау қажет?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№9 - ЕСЕП.

Валиев пен Усманов жабайы шу кенешөбінің алқабынан 200 грамм тозаң жинап, 3 кг кенешөп гүлдерін теріп алады. Жиналғанның барлығын Зубов пен Пакқа сатып жібереді. Екі күннен кейін олар тағы да есірткі заттарын теріп алып, сатуға талпынған кезінде полиция қызметкерлерімен ұсталады.

*Валиев пен Усмановтың іс-әрекеттерін саралаңыз.
Берілген жағдайда саралушы мән-жайлар қамтылған ба?
Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

№10 - ЕСЕП.

Иванов түнгі барда белгісіз адамнан құрамында әлсіз есірткі заты бар дәрілерді сатып алады. Кейіннен өзінің танысы провизор Ахметовты жоғары құрамды есірткі ұнтағын жасауды сұрады. Ахметов белгілі бір сома үшін оған келісіп, одан химиялық реакция көмегімен құрамында жоғары есірткі заты бар ұнтақ алады. Тінту барысында аталған ұнтақ Ахметовтың үйінің ауласында полиция қызметкерлерімен табылды.

Иванов пен Ахметовтың іс-әрекеттерін саралаңыз.

Ахметовтың іс-әрекеттері қандай Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықтың құрамын құрайды?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№11 - ЕСЕП.

Қабанов пен Дәулетов арнайы опийлік көкнәр (мак) өсіретін «Чемолган» шаруашылығының алқабынан бұл өсімдіктің екі қабын жинап алған. Осыдан кейін олар күнбағыс егілген көрші «Қаскелең» шаруа қожалығының алқабынан арам шөп болып өсіп тұрған бір қап опийлік көкнәрді теріп алған. Жиналғандардың барлығын құпия орынға тасып жеткізген.

Қабанов пен Дәулетовтың іс-әрекеттерінде қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы бар ма?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№12 - ЕСЕП.

Колготкин көкнөрлі сабан тартқаннан кейін қандай ұнамды әрі жанға жағымды сезім келетіні туралы кәмелетке толмағандарға әрдайым әңгімелеп айтатын. Содан кейін оған екі кәмелетке толмаған бала келіп, марихуана әкеліп береді. Ол балаларға папиросаны қалай дайындайтынын көрсетеді, алайда марихуананы әлсіз есірткі санап олармен бірге тартудан бас тартады.

Колготкиннің жауапкершілігі туралы сауалды шешіңіз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№13 - ЕСЕП.

Булатов жыл сайын эфедра жинауға лицензия алып, Жаркент алқабына шығып, эфедра жинау кейпімен онымен қоса өсетін белена мен дурман жинап, олардан есеңгірететін дәрі-дәрмектер дайындап, кейіннен оны нашақорлықтан емдеуге арналған дәрі-дәрмектер сипатымен жергілікті нашақорларға сатып отырған.

Булатовтың іс-әрекеттерін қалай саралау қажет?

Бұл дәрі-дәрмектерді сатып алған адамдар қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартыла ма?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№14 - ЕСЕП.

«Энергетик» саяжай аймағының күзетшісі Махарашвили Овечкин мен оның достарына аз ғана төлем үшін бос тұрған № 6 саяжай үйін жалға беріп отырған. Бір ай бойы әрбір сенбі мен жексенбі күндері олар есірткі пайдаланып, спирт ішімдіктерін қабылдап, карта ойнайтын. Алайда олардың есірткіні пайдаланатыны жайлы Махарашвили білмеген. Сонымен қоса, Овечкиннің сұрауы бойынша ол екі мәрте бір рет пайдаланылатын піскек (шприц) әкелген, алайда оның не үшін қажет екендігі жайлы сұрастырып білмеген.

Махарашвили ҚР ҚК 302-бабы бойынша жауапкершілікке тартыла ма?

ҚР ҚК 302-бабы бойынша Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықтық жауапкершіліктің шарттары қандай?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ

№1 - ЕСЕП.

Пахотина базарда беляш сату бойынша сауда нүктесін ашуға шешім қабылдады. Рұқсат алу үшін ол санитарлы-эпидемиологиялық станциясының жұмыскері Орловаға жолықты. Барлық құжаттарды рәсімдегеннен кейін Орлова оларды бас дәрігерге апарды. Алайда, сауда нүктесін тексеру актісі қажет болғандықтан бас дәрігердің құжаттарға қол қоймайтын айқындап, іле-шала қайтып келді. Сол мезетте Патохинадан оның сауда орнының қайда орналасқаны және оның қандай екендігі туралы сұрастырып, қажетті актіні жедел құрастырды. Сол уақытта құжаттарды толтыру рәсімін тездету үшін оған күш жұмсау қажеттігі туралы ескерілді. Пахотина оған ақша бермесе, рұқсатты ала алмайтынын түсініп, қажетті сома туралы қызығушылық танытты. СЭС жұмыскері өзінің қызметтерін үш мың теңгеге бағалады. Келесі күні Пахотина Орловаға үш мың теңге беріп, өзінің құжаттарын алды.

Пахотина мен Орлова Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартылуы тиіс пе?

Олардың іс-әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№2 - ЕСЕП.

Кәсіпкер Быков лицензия күшінің мерзімін ұзарту туралы өтінішпен Түрксіб ауданы әкім аппаратының жетекшісі Кабиденоваға жолықты. Кабиденова тиісті құжаттарды рәсімдеу мерзімін тездетуге ықпал етуге уәде беріп, өзінің қызметтерін 30 мың теңгеге бағалады. Ақшаны алу кезінде ол ұсталды.

Кабиденованың іс-әрекеттерінде ҚР ҚК 366-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты құрамы бар ма?

Пара алудың субъектісі болып кім табыла алады?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№3 - ЕСЕП.

Ескендіров кәмелетке толмағанды зорлау (ҚР ҚК 120-бабы 3-1-бөлігінің «1» тармағы) жасағаны үшін айыпталды. Берілген іс бойыша тексеру жүргізген тергеуші Ескендіровтың туыстарынан бұлтартпау шарасы ретінде қамаудың орнына ешқайда кетпеу туралы қол

қойдыруды таңдап, кейіннен Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықтық істі қысқартуы үшін 8000 АҚШ доллары көлемінде ақша қорқытып алды. Айыпталушының туыстары ҰҚК органдарына жүгінді. Тергеушіні ұстағаннан кейін оның кабинетін тексеру барысында оның үстелінде Ескендіровтың атына шығарылған қамау туралы және ешқайда кетпеу жөнінде қол қою туралы екі қаулы табылады.

Тергеушінің іс-әрекеттерінде қандай қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы бар?

Қандай жағдайда пара бергені үшін қылмыстық құқық бұзушылықтың жауапкершіліктен босату орын алуы мүмкін?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№4 - ЕСЕП.

«Ақтау теңіз сауда порты» РМК («АТСП» РМК) директоры Кузнецов «РУСКАЗ» ЖШС коммерциялық кәсіпорнын құрып оны тікелей басқарған, оны формальды түрде ол бұрынғы әйелі Сабироваға тапсырылған. Өзінің фирмасына жеңілдіктер, артықшылықтар мен қамқоршылық жасау мақсатында ол басқа кәсіпорындар алдында «АТСП» РМК қарыздарын пайдаланған, бірақ «АТСП» РМК өзінің несие берушілері алдында қарызды өтеуге шынайы мүмкіндігі болған. Сонда Кузнецов «АТСП» РМК қарыздарын ақшалай қара-жаттармен өтеу мүмкіндігінің жоқтығы туралы жалған мәліметтер берген. Оның орнына ақшалай қаражаттарды порт өзімен бұрын-соңды қаржылық-шаруашылық қатынастарда болмаған борышқоры «РУСКАЗ» ЖШС РМК-ға қарызды өтеу есебіне қойған халық тұтынатын тауарлармен алмастыруды ұсынады. Қаржылық қиыншылықтарды сезінген несие берушілер оған келісуге мәжбүр болады. Несие берушілердің келісімін алғаннан кейін Кузнецов «РУСКАЗ» ЖШС халық тұтынатын тауарларды ірі партиялармен аса көтерілген бағамен сатуды ұйымдастырды. Нәтижесінде «АТСП» РМК қарыздарды өтеуге арналған ақшалай қаражаттары «РУСКАЗ» ЖШС есеп шотына түсіп отырған. РМК несие берушілері, өз кезегінде, ақшалай қаражаттардың орнына аса көтерілген баға бойынша халық тұтынатын тауарларды алып отырған.

Кузнецовтың іс-әрекеттерінде ҚР ҚК 189-бабы мен 364-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамы бар ма?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№5 - ЕСЕП.

Тергеуші Адаев Садықованың Қылмыстық құқық бұзушылықтық іс-әрекеттерін ҚР ҚК 293-бабының 3-бөлігінен неғұрлым жеңіл Қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікті көздейтін ҚР ҚК 107-бабына қайта саралау үшін одан 1000 АҚШ долларын алды. Садықовадан 100 АҚШ долларын және 9 дана көлеміндегі жалған 100-доллар ақшаны алдын ала келісіп алғаннан кейін Адаев ұсталды.

Адаевтың іс-әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№6 - ЕСЕП.

«Нұрәлі» РМК мал сою цехының меңгерушісі Амантаев шұжық және мал сою цехының тоңазытқыш камераларының барлығының етке толы болғанын біле тұра, бір апта бойы өз бетімен үстеме жұмыс ұйымдастырған. Мал сою цехының дәлізінде 1967 кг сиыр еті мен 747 кг шошқа еті жиналып қалды. Бұл ет бүлініп кетті, соның нәтижесінде «Нұрәлі» РМК-не ірі зиян келтірілді.

Амантаевтың іс-әрекеттері ҚР ҚК 371-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрай ма?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№7 - ЕСЕП.

Қараңғы уақытта Шығыс Қазақстан облысының ІІБ күзетінің рота полиция қызметкері Алмажанов коммерциялық банкті күзету бойынша қызметтік міндеттерін орындау кезінде өзінің постын тастап кетіп, жүргізушісі Никитинмен бірге қызметтік автокөлікте қала көшелеріне шығады. Тұрғын үйлердің бірінің жанында ешқандай себепсіз азамат Туловты ұстайды. Ұстау себептерін түсіндірмей, Алмажанов оны көлікке күшпен итермелеп кіргізеді. Сол уақытта әлі ашуы кернеген Туловты нысанада ұстап тұру үшін ол өзінің табельді қаруын Никитинге береді. Туловтың қалтасының ішіндегісін тексеріп жатып, Алмажанов 27000 теңге тауып алып, өзіне алып қояды. Өскемен қалалық сотының үкімімен Алмажанов пен Никитин әрқайсысы ҚР ҚК 362-бабының 3-бөлігі бойынша сотталады. Сотталғандардың кассациялық шағымы бойынша Шығыс Қазақстан облыстық сотының қылмыстық құқық бұзушылықтық істер бойынша сот алқасы қаулыны өзгертіп, Алмажанов пен Никитиннің іс-әрекеттерін ҚР ҚК 192-бабының 2-бөлігінің «1», «4» тармақтарына қайта саралады.

Облыстық соттың қылмыстық құқық бұзушылықтық істер бойынша сот алқасының шешімі дұрыс па?

Қызметтік өкілеттікті асыра пайдаланудың объективтік жағының белгілері қандай?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№8 - ЕСЕП.

Қалалық әділет басқармасының лицензиялау және патенттеу бөлімінің қызметкері Сейтов ғылыми дәрежені иеленген ғылыми қызметкер Досаевқа нотариалдық қызметпен айналысуға лицензия алуға көмек көрсету туралы өтінішпен жолықты. Сейтов көмектесуге уәде берді, алайда сол сәтте Досаевтың оның монографиясына жариялануға арналған оң пікір жазып беруі туралы сұрайды. Нәтижесінде Сейтов Досаевқа лицензия алуға көмектесті, ал соңғысы, өз кезегінде, оң рецензия жазып береді.

Сейитовтың іс-әрекеттерінде пара алу қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы бар ма?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№9 - ЕСЕП.

Кеден басқармасы бастығының орынбасары Сапишев өзінің бастығының оған қызмет бабы бойынша жоғарылауға көмектескендігі үшін бастықтың ұлына құны 950 АҚШ доллары тұратын үйлену саяхатына жолдаманы сыйға тартты.

Берілген жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бар ма?

Пара алудың (ҚР ҚК 366-бабы) заты болып не табылады.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№10 - ЕСЕП.

ПО аудандық бөлімшелерінің бірінде тергеуші болып жұмыс істейтін Савченко оның таныстары келіп, олардың туысына қатысты Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықтық істі қысқартуға көмек көрсету туралы өтінішпен жолықты. Бұл қызметі үшін оған 10000 АҚШ долларын ұсынады. Савченко көмектесуге уәде беріп, ақшаны алып оған автокөлік сатып алды. Ол берілген Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықтық істі жүргізген тергеушіні білмегендіктен, оған жолыққан да жоқ. Алайда Парламентте рақымшылық туралы заң жобасы

талқыланып жатқандықтан Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықтық іс қысқартылу мүмкіндігіне үміттенді.

Савченконың іс-әрекеттері қандай қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын құрайды?

Пара алуды саралау үшін кінәлінің ниетің бағыты қаншалықты маңызды?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№11 - ЕСЕП.

Сманов мемлекеттік университеттің ректоры бола тұра, өзінің бала кезіндегі досының ұлына сол университетке түсуіне көмектесті. Алғыс ретінде Смановтың досы оған алтын қауырсынды «Паркер» фирмасының қаламын сыйға тартты.

Савченконың іс-әрекеттері қандай қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын құрайды?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№12 - ЕСЕП.

Мемлекеттік университеттің сырттай оқу бөлімінің оқытушы-әдіскері болмаған кездерінде бұл бөлімнің хатшысы Закирова сыйақы үшін қарыздары бар студенттерге оның негізінде олар оқу демалысын алуға мүмкіндік беретін анықтама-шақыруларды жүйелі түрде беріп отырған.

Закированың іс әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

№13 - ЕСЕП.

Қорғаныс Министрлігінің әскери жабдықтау бөлімінің бастығы Тимошин сыйақы үшін өз бетімен электроникамен жабдықтаушы фирмалардың әскери ведомствоға үстеме баға бойынша өнімдерді сатқаны үшін алынуы тиіс өтеу мөлшерін едәуір қысқартты. Бұл фирмалардың қаржылық айла-амалдарынан қорғаныс министрлігіне келтірілген залал 30 мың АҚШ долларын құрады.

Тимошиннің іс-әрекеттері қандай Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық бұзушылықтың құрамын құрайды?

Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ
САРАЛАУ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІ БОЙЫНША
ЕСЕПТЕР ЖИНАҒЫ**

Басылымға жіберілді. Басылымға қол қойылды.

Форматы 60x84^{1/16}. Офсеттік басылым, қағаз.

Тиражы 100 дана. Заказ № _____ . Бағасы келісім бойынша.

ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының

баспаханасында басылды.

Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124